of the media in information work the building of a dialogue between the regions of the RK and the Russian Federation etc. And also the need for systematic work on information support of the EAEU project including at the level of regional media and enhancing the role of cross-border cooperation in the context of Eurasian integration; development and implementation of new standards for political analysts and journalists from the EAEU the formation of a single journalistic pool, painstaking work in social networks and the establishment of direct communications between frontier expert environments.

### Литература

- Бажанов Е., Бажанова Н. // О тенденциях международных отношений в XXI в. – М. В. – 3. 2009.  
Договор о Евразийском экономическом союзе от 29.05.2014 г.  
Назарбаев Н. Казахстанский прорыв и евразийский проект. – М., 2008.  
Кылычбейли Э.Х. Евразийская геополитика: Турция и Россия (старые понятия, новые подходы) // Турция в XX веке / ответственный редактор Е.И. Уразова. – М., 2004. – С. 277.  
Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана. 2001  
Оразбекова З.С. СМИ и международные конфликты на евразийском пространстве. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017. – 110 б.  
Соглашение о создании СНГ от 08.12.1991 г.

### References

- Agreement on the creation of the CIS of 08.12.1991g  
Bajanov E., Bajanova N. // On the trends of international relations in the XXI century. – M., V-Z, 2009.  
Treaty on the Eurasian Economic Union of May 29, 2014  
Nazarbayev N. . Kazakhstani breakthrough and the Eurasian project. Moscow, 2008  
Kylichbeyli E.H. Eurasian geopolitics: Turkey and Russia (old concepts, new approaches) // Turkey in the 20th century. Responsible editor of EI Urazova. – M., 2004. C.277.  
Yertysbayev E. Kazakhstan and Nazarbayev: the logic of change. Astana. 2001  
Orazbekova Z.C. Orazbekova Z.S. Mass media and international conflicts in the Eurasian space // «Kazakh University», Almaty, 2017, 110 p.7.

## Кәпқызы Е.

ф.ғ.к., аға оқытушы, Сулейман Демирел атындағы Университет,  
Қазақстан, Қаскелең қ., e-mail: Yessengul.kap@sdu.edu.kz

### РЕСЕЙ-УКРАИНА ҚАҚТЫҒЫСЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ КӨЗІМЕН

Бұл зерттеу Қазақстанда екі тілде (қазақ, орыс) жарық көретін қоғамдық-көпшілік газеттер мен веб-сайттарда Украина мен Ресей қақтығысының қалай көрініс тапқандығына контент және дискурс анализ жасауға арналды. Біз нысанаға алып отырған екі газеттің біреуі қазақ тілінде – «Жас Алаш» газеті, оппозициялық бағытты ұстанады. Екіншісі – орыс тілінде «Время» газеті. Газеттің меншік иесі – «Издательство «Время» ЖШС-і («Время» ААҚ-ының құқық иеленушісі).

Ал қазақстандық [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайты өзге мемлекеттік ақпарат құралдарымен салыстырғанда, әжептәуір еркін контент тарататындығымен ерекшеленеді. [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайты 2009 жылдан бері ақпарат таратып келеді. Және [zero.kz](http://zero.kz)-тегі рейтингі бойынша алғашқы жүздікке табан тірейді (2015 жылғы рейтинг бойынша).

Орыс тілінде ақпарат тарататын [www.vlast.kz](http://www.vlast.kz) сайтының да жекеменшікке тиесілі екендігі белгілі. Осы мақсатпен, төрт бірдей ақпарат құралы таңдалып алынды. Негізгі мақсат орыс және қазақ тілінде ақпарат тарататын басылымдардағы контенттің өзгешелігін сараптау.

Зерттеуде контент анализ әдісі қолданылды. Сондай-ақ, жекелеген мәтіндерге дискурс анализ да жасалды. 2014 жылдың ақпан айынан Ресей мен Украина арасында саяси текетірес басталғаны мәлім және сарапшылардың пікірі бойынша бұл оқиғаға қазақстандық баспасөз ресейлік саясат тұрғысынан баға беруге талпынған. Кейбір ақпарат құралдары өз бетінше ізденуге талпынғанымен, мемлекет тарапынан қойылған күшті цензура оқиғаға тәуелсіз сарапшының көзімен баға беруге кедергі келтірді дейді олар. Сол себепті де, оқиғаға баға берудегі объективтілік пен субъективтілікті таразылау мақсатында, осы зерттеуді қолға алып отырмыз. Аталған газеттер мен сайттарда 2014 жылдың ақпан айынан желтоқсан айына дейінгі аралықты қамтыды.

Осы уақытта «Жас Алаш» газетінде Украина тақырыбында барлығы – 29, «Время газетінде» – 27 мақала жарияланған. Яғни, екі газеттегі мақалалар саны деңгейлес. [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайтында – жиыны 61, [www.vlast.kz](http://www.vlast.kz) сайтында – 37 мақала жарияланған. Демек, [www.abai.kz](http://www.abai.kz) сайтындағы мақалалар екі есеге жуық артық. Сонымен қатар, мақалаларда қолданылған лексикондар, мақаланың жазылу сипаты (оқиғаға баға берушілік), спикерлер (сарапшылар) және журналисттің жеке көзқарасы сарапқа салынды.

**Түйін сөздер:** Украина, Ресей, Жас Алаш, Время, Абай, Власть, шиеленіс, қазақстандық медиа.

Капкызы Ye.

Candidate of Philology science, Senior Lecturer, Suleyman Demirel University,  
Kazakhstan, Kaskelen, e-mail: Yessengul.kap@sdu.edu.kz

### Conflict between Russia and Ukraine in 2014: Kazakhstani mass-media view-point

This study is intended to analyze a discourse of the Kazakh and Russian language media outlets of Kazakhstan on the clashes between Ukraine and Russia occurred in 2014. The content of two Kazakh-language (pro-oppositional newspaper Zhas Alash and a government-inclining independent website [www.abai.kz](http://www.abai.kz)), and two Russian-language media outlets (Vremya newspaper and a [www.vlast.kz](http://www.vlast.kz) website) were analyzed. Both of the selected newspapers (Zhas Alash and Vremya) are private media outlets. The Kazakh-language website [www.abai.kz](http://www.abai.kz) is highlighted with spreading fairly free content in comparison to other media. However, recent years this website is extensively receiving government sponsorship and publishing paid materials promoting the government's actions. The Russian-language website [www.vlast.kz](http://www.vlast.kz) is also considered to be a private and an independent media outlet. The main purpose of this research is to evaluate the function of Russian and Kazakh-language mass media and the dissemination of information on Russian and Kazakh-language websites.

The political showdown between Russia and Ukraine erupted in February 2014. In the period from February to December 2014, Zhas Alash published 24 articles, while Vremya devoted 27 articles to this topic. Therefore, the level of interest to this issue by two newspapers was almost the same. In contrast, www.abai.kz has 61 publications, and www.vlast.kz has only 37 papers in the same period of time. This indicates that, in comparison to vlast.kz, the popular Kazakh-language website was particularly interested in this topic. In addition, the analysis of the lexicons used in articles, their attitude to the conflict (assessment of event), and the personal opinions of journalists gave interesting findings.

**Key words:** Ukraine, Russia, ZhasAlash, Vremya, Abai, Vlast, conflict, Kazakhstani mass-media.

Капқызы Е.

к.ф.н., ст. преподаватель, Университет им. Сулеймана Демиреля, Казахстан, г. Каскелен,  
e-mail: Yessengul.kap@sdu.edu.kz

### Конфликт между Россией и Украиной: взгляд казахстанских СМИ

Данное исследование посвящено проведению контент- и дискурс-анализов того, каким образом конфликт между Украиной и Россией был освещен на страницах общественно-политических газет и веб-сайтов, издаваемых в Казахстане на двух языках (казахском, русском).

В качестве объекта исследования выступает одна из газет на казахском языке – «Жас Алаш», придерживающаяся оппозиционных взглядов. Вторая газета – «Время», издаваемая на русском языке. Собственник газеты – ТОО «Издательство «Время» (правообладатель ОАО «Время»). В свою очередь, казахстанский сайт www.abai.kz в сравнении с другими государственными средствами информации отличается распространением достаточно свободного контента. Сайт www.abai.kz распространяет информацию с 2009 года и, согласно рейтингу zero.kz, входит в первую сотню наиболее популярных сайтов (согласно рейтингу 2015 года). Известно, что сайт www.vlast.kz, распространяющий информацию на русском языке, является частным.

С этой целью было отобрано четыре схожих средства информации. Основная задача – выявить особенности контента изданий, распространяющих информацию на казахском и русском языках. В исследовании использовался метод контент-анализа. Вместе с тем был проведен дискурс-анализ отдельных текстов.

Известно, что в феврале 2014 года началось политическое противостояние между Россией и Украиной, и по мнению экспертов, казахстанская пресса стремилась дать оценку данному событию с российской политической точки зрения. Они отмечают, что несмотря на попытки некоторых средств информации провести самостоятельные поиски, установленная со стороны государства жесткая цензура создавала препятствия для независимой экспертной оценки события. По этой же причине, чтобы взвесить объективные и субъективные оценки данного события, мы взяли за данное исследование. Исследование публикаций в названных газетах и сайтах охватывает период с февраля по декабрь 2014 года.

На данный момент в газете «Жас Алаш» по теме Украины было опубликовано 29 статей, в газете «Время» – 27, то есть количество статей в двух газетах одинаково. На сайте www.abai.kz в общем – 61 статья, на сайте www.vlast.kz – 37. Следовательно, на сайте www.abai.kz количество статей почти в два раза больше. Вместе с тем, были проанализированы использовавшийся в статьях лексикон, характер написания статьи (дающий оценку событию), личная точка зрения спикеров (экспертов) и журналистов.

**Ключевые слова:** Украина, Россия, Жас Алаш, Время, Абай, Власть, конфликт, Казахстанские медиа.

### Кіріспе

Қазақстанда 1995 жылы қабылданған Конституцияның 7-бабының I тармағы бойынша, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, осы баптың 2 тармағы бойынша, орыс тілі – мемлекеттік мекемелерде және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілі мен тең дәрежеде, ресми түрде қолданылады [ҚР Конституциясы]. Сол себепті де, Қазақстанда орыс тілді және қазақ тілді қоғам қалыптасып отыр. Қостілділік белең алған қоғамның ақпараты да екітілді.

Соған қарамастан, екітілді қоғамның кез келген толғақты мәселеге деген көзқарасы әлі күнге дейін зерттеу нысанына айналған емес. Әсіресе, қақтығыстар және олардың баспасөзде берілу деңгейі, қазақ және орыс тілді қоғамның мәселеге деген көзқарасы сарапқа салынбаған. Сондықтан 2014 жылғы Украина тақырыбының Қазақстан БАҚ-тарында қалай көрініс тапқанын зерделеуді жөн көріп отырмыз.

### Зерттеудің мақсаты:

Ғылыми мақаланың мақсаты – бұрынғы пост кеңестік кеңістіктегі көршілес екі елдің саяси

қақтығысы және оның салдары, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше Қазақстанға оның ықпалы жайлы пікірлердің орыс және қазақтілді ақпарат құралдарындағы көрінісін сипаттау.

Біріншіден, Қазақстандағы қостілді ақпарат құралдары зерттеу объектісі ретінде алынған жоқ.

Екіншіден, журналистік тұрғыдан контент анализ жасалынған жоқ.

Үшіншіден, Украина және Ресей қақтығысының Қазақстан БАҚ-тарындағы көрінісі жайлы талдау әлі жасалынған жоқ.

Қазақстанда қостілді қоғамның мәселені беру, сипаттау, журналистік тұжырымдардың жасалуы әлі күнге зерттеу объектісіне айналмай отыр.

Сол себепті де біз бұл зерттеуді қолға алып отырмыз.

Аталған оқиғаға қалай сипат берілгенін айқындау мақсатында зерттеуде қазақ қоғамына танымал қазақ-орыс тілдерінде хабар тарататын газеттер мен веб-сайттар таңдалып алынды. Мақалалар 2014 жылдың сәуір айынан желтоқсан айына дейінгі аралықты қамтиды.

#### **Зерттеу сауалдары:**

**RQ1:** Оқиғаның басты кейіпкерлері (Украина, Ресей, Майданшылар, Қырым, ереуілшілер) ақпарат құралдарында қалай сипатталады?

**RQ2:** Екі ел арасындағы қақтығыстардың себебі ретінде қандай факторлар сипатталған?

**RQ3:** Екі ел арасындағы қақтығыстарды сипаттау барысында орыстілді басылым мен қазақтілді ақпарат құралына ортақ ұқсас жағдайлар мен өзгешеліктер неде?

**RQ4:** Ақпарат құралдарының осы оқиғаға қатысты ортақ көзқарастары мен тұжырымдары болды ма?

#### **Зерттеудің әдіснамасы:**

Зерттеу жүргізу барысында гуманитарлық ғылымдар саласында тым танымал екі түрлі зерттеу әдіснамасын қолдануды жөн көріп отырмыз. Оның бірі – тым ертеден қолданылып келе жатқан контент анализ, екіншісі – дискурс анализ. Зерттеу барысында сандық және сапалық көрсеткіштерге де көбірек назар аударылды.

Контент анализ дегеніміз (ағылшын тілінде контент – мазмұн деген мағынаны білдіреді) – мазмұндық талдау, қоғамдық ғылымдар саласын зерттеуде қолданылатын стандартты методика. Оның зерттеу объектісі ретінде мәтіндік мазмұн массивтері мен коммуникативті корреспонденцияның өнімдері алынады. Ресейлік зерттеу дәстүрінде контент-анализ мәтіндер мен мәтіндік массивтерді сандық тұрғыдан айқындайды. Контент-анализдің пәлсапалық маңызы мә-

тіндік материалдың көп түрлілігінен мәтін мазмұнының абстракт моделіне қарай ойысуы. О.Т. Манаевтың айқындауынша [Методологические и методические проблемы контент анализа. Вып. 1-2. М., 1973], контент-анализ – құжаттардағы әртүрлі фактілер мен тенденцияларды өлшеу және айқындау мақсатында жасалатын сапалы-сандық талдау. Оның айтуынша, контент-анализдің ерекшелігі – құжаттарды әлеуметтік контексте алып қарастырады. Ол газеттердің саяси бағытын айқындау мақсатында зерттеудің негізгі әдісі ретінде қолданылуы, өзге әдістермен қатар қолданылуы (мәселен, БАҚ қалыптасу тиімділігін зерттеуде), көмекші немесе бақылаушы тәсіл ретінде (мәселен, ашық сауалнамаларға берілген жауаптарды классификациялаған кезде) мүмкін. Контент-анализ ең әуелі ХХ ғасырдың 30-жылдарында Америкада әлеуметтік ғылымдарда қолданыла бастаған. Алғашында бұл әдіс журналистика мен әдебиеттану ғылымында қолданылды. Контент-анализдің негізгі процедурасын америкалық әлеуметтанушылар Х. Лассуэлл мен Б. Берелсон жасап шығарған болатын. Контент-анализ әдісінің негізгі мақсаты – зерттеліп отырған объектінің мазмұнының белгілі бір жекелеген бөліктерін нысанаға алып, алынған мәліметтердің квантификациялауға негізделеді.

*И. Дмитриевтің* пайымына сүйенсек [Методы анализа документов в социологических исследованиях. М., 1985], қазіргі таңда контент-анализдің негізгі процедураларына:

1. Контент-анализдің мағыналық бірліктерінің айқындалуы. Олар:

А) жекелеген терминдерде көрініс тапқан түсініктер;

Б) радиобағдарламаларда, мақалаларда, мәтіндер бөлігінде, бүтін абзацтарда көрініс тапқан тақырыптар;

В) адамдардың аттары, фамилиялары;

Г) оқиғалар, деректер, т.б.

Контент-анализдің бірліктері мазмұнға, мақсат пен міндетке және нақты зерттеудің гипотезіне орай айқындалады.

2. Сараптаманың бірліктерімен сай келмеуі мүмкін есептік бірліктерінің айқындалуы. Бірінші жағдайда процедура айқындалған мағыналық бірліктің қайталануының жиілігіне сүйенсе, екінші жағдайда зерттеуші сараптап отырған материалының негізінде және сарапбал санаға сүйене отырып, есептеудің бірліктерін өзі алға тартады. Олар:

А) мәтіндердің ұзақтығы;

Б) мағыналық бірліктермен толтырылған мәтін көлемі;

В) жолдардың саны (абзацтар, белгілер, мәтіндер бағаны);

Г) радио және ТВ-ден берілген трансляцияның ұзақтығы;

Д) аудио және бейнежазбалар таспасының метражы;

Е) белгілі бір мазмұнға арналған суреттер саны.

Біз бұл зерттеуде контент-анализбен қатар жекелеген мәтіндерге дискурс анализ да жасалды. Дискурс-анализдің басты мақсаты кешенді социолінгвистикалық әдіс арқылы дискурсты айқындау. Джонатан Поттер дискурс-анализде «негізгі назар қоршаған орта мен қоғамның дискурста жасалған ішкі психологиялық жағдайларына аударылатынын» [Социологическая энциклопедия / под общ. ред. А.Н. Данилова. Минск, 2003] айтады.

Дискурс – маңыз беру. Дискурс – бұл әлемнің бейнесін әртүрлі тәсілдермен жасауда маңызды рөл ойнайды. Біздің әртүрлі мәселе жайындағы цитаталарымыз, біздің сөздеріміз, әлденені сипаттауымыз, басқа адамдарға белгілі деңгейде әсер етеді. Сол арқылы біз айналамыздағылардың қабылдауы мен түсінігіне ықпал етеміз, сөйтіп біздің шынайы өміріміз бен өзгелердің, әлеуметтік әлемнің санасында көрініс табуына (дискурс жасауға) ықпал етеміз. Дискурс-анализдің бастауы – гуманитарлық білімнің әртүрлі саласына қатысты (әлеуметтік психология, лингвистика, социология, философия). Қорыта айтқанда, дискурс-анализ – мәтіндердің құрылымдық-семиотикалық зерттеуі және оның тыңдаушыға/оқушыға тигізер әсерін айқындау. Мәтіннің жасырын мәні зерттеледі.

Зерттеу нәтижесі:

### БАҚ сипаты

Мерзімді баспасөз

№	БАҚ атауы	Аудиториясы	Мерзімділігі	Таралымы, аудиториясы (бар болса)	Көлемі (бет саны)	Меншік иесі (мемлекеттік, жекеменшік)
121	Жас Алаш	Республикалық	Аптасына 2 рет	67363	6-8 бет	«Жас Алаш» ЖШС
2	Время	Республикалық Қоғамдық-саяси	Аптасына 3 рет	131 975 Zero.kz рейтингісі бойынша 26 орын	12 бет	ТОО «Издательство “Время”» (правопреемник О АО “Время”).

Онлайн басылым

1	www.abai.kz	Жалпыұлттық республикалық	Күн сайын жаңаланады	Zero.kz рейтингісі бойынша 93 орында, күніне 8000 адам кіреді		«Абай ақпарат» қазақ интернет кеңістігін дамыту қоры
2	www.vlast.kz	Республикалық	Күн сайын жаңаланады	Zero.kz рейтингісі бойынша 57 орында, күніне 14000 адам кіреді		www.vlast.kz

### «Жас Алаш» және «Время» газеттері бойынша:

Аталған аралықта Украина мен Ресей қақтығысы тақырыбында жарық көрген мақалалар мен ақпараттардың барлығы назарға алынды. Барлығы – 51 мақала, оның – 24-і «Жас Алаш» газетінде, 27-сі – «Время» газетінде жарық көрген. Яғни, екі ақпарат құралында жарияланған мақалалардың саны

деңгейлес. Бұл ретте ескере кететін бір жайт, «Время» газетіндегі кейбір мақалалар өзге ақпарат құралдарына сілтеме беріле отырып, көшіріліп басылған.

Мәселен «Время» газетінде жарық көрген 27 мақаланың – 13-і Ресей, Украина және өзге де шетелдік басылымдардан алынған. Яғни, «Время» газетінің өз контенті – 14 (1-диаграмма).






Диаграмма - 1

Алайда, соған қарамастан, біз ондағы барлық контентті сараптауды жөн көріп отырмыз. «Жас Алаш» газетінде «Время» газетімен салыстырғанда сәл өзгешелік бар. Біріншіден, ол орыстілді басылымдардың ақпаратын пайдаланғанымен, аударып басады. Екіншіден, 27 мақаланың 3-еуі өзге контенттен аударылып басылған, қалғандары «Жас Алаш» газетінің өз контенті.

**Жарияланымдар сипаты**

Бұл ретте біз жарияланымдар сипатын төмендегі критерийлерге сүйене отырып жасадық.

*Баға беруде қойылатын негізгі талаптар*

**Бейтарап:**

Этикаға сай, алауыздық тудырмайтын лексиканы қолдану

Объективті сараптамалық баға беру

Субъективті баға беру:

Әлденені не әлдекімді жағымсыз қабылдауды қалыптастыратын жалпы ниет

Ирония немесе сарказм секілді әдіс-тәсілдерді қолдану

Алауыздық, шеттету тудыратын сипаттағы сөздер

Ксенофобия сезімін тудыратын, күш көрсетуге, зорлық-зомбылыққа, ұлтаралық, нәсілшілдік және тағы басқа қақтығыстарға шақыратын сөздер

Әлденені немесе әлдекімді мақсатты түрде төмендету.

Біздің көздеп отырған нысанамыз 2014 жылғы Ресей мен Украина қақтығысы, Қырым түбегінің Ресейге өтуі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше, яғни Ресейдің одақтасы Қазақстанда бұл оқиғаға ақпарат құралдары қандай көзқарас тұрғысынан баға берді. Ақпарат құралдары екі елдің қақтығысына баға бере отырып, кімге жақтасады? Украинаға ма, жоқ әлде Ресейге ме? Оқиғаға кімдерді кінәлі деп есептейді? Әлде бейтарап тұрғыдан қарастыра ма?

Сонымен, «Время» газетінде осы аралықта жарық көрген мақалалардың басым көпшілігі өзге ақпараттан көшірілген екендігін айттық. Яғни, «Время» газетінде Украина мен Ресей шиеленісі туралы ақпараттардың немесе мақалалардың басым бөлігі өзге контенттерден алынып отыр. Бұл ретте «Времениның» тақырыпты берудегі мақсаты не? Қоғамды ақпараттандыру ма, жоқ тараптардың біріне жақтасу ма? Осы тұрғыдан алғанда берілген ақпараттардың басым бөлігінің «бейтарап сипатта» жарияланғанын көреміз. Мәселен:




Диаграмма-2

2-диаграммаға сүйенер болсақ, субъективті, яғни не Украинаның, не Ресейді жақтаған мақалалар саны мүлдем аз – 27 мақаланың 7-еуінің авторы ондағы жағдайға өз көзқарасын білдіріп, өзі тарапынан баға береді. Алайда, олардың екеуі өзге ақпарат құралдарынан көшіріліп басылған. Әрі бұл мақалалардың басым көпшілігі ақпараттық сипатта. Газетте Украина мен Ресей арасындағы текетіреске байланысты сараптама мақалалар өте аз. Мәселен:




Диаграмма – 3

3-диаграммаға сүйенер болсақ, «Времениның» Украина мен Ресей арасындағы саяси қақтығысқа қатысты ұстанған ұстанымы айқын. Тек қоғамды ақпараттандыру мақсаты айқын болған. «Жас Алаш» газетінде жағдай басқаша. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «жасалаштықтар» өзге ақпарат құралдарынан көшіріп басуды мақсат етпейді. Украина мен Ресей текетіресіне қатысты өз ақпаратын ұсы-

нуды жөн санайды. «Жас Алаштың» мақсаты – қоғамды ақпараттандырумен қатар, болып жатқан оқиғаға өз үнін қосу, көзқарастарын білдіру. Бұл ретте мақалаларға контенттік талдау жасай отырып, «Жас Алаш» газетінің оқиғаға байланысты өз тұжырымын, өз ұстанымын тануға болады. Ондағы мақалалардың 18-і субъективті бағытта, яғни, газет ашықтан-ашық Ресейдің саясатын айыптайды. Ресейдің Қырымды аннексиялағанын және Украинаға әскерилерін заңсыз кіргізгендігін кінәлай отырып, «басқыншы» сөзін жиі пайдаланады. Оны мына мысалдан табуға болады: «Аю орманнан ақырып шықты» (28 қазан 2014 ж.) атты Е. Көшербайдың мақаласында: «Бұл соғысты Ресей бастамағанда, кім бастады? Қырымды басып алған кім? Әрине, Путин! Украинаның шығысында кімдер соғысып жүр? Басым көпшілігі – Ресейдің әскері. Украинаның әуе кеңістігінде малайзиялық жолаушылар ұшағын атып түсірген кімнің қаруы? Ресейдің қаруы. Батыс елдері не үшін Ресейге жаппай санкция салып жатыр? Украинада соғыс бастағаны үшін!» [Жас Алаш]. Келтірілген мысалға назар салсаңыз, мақалада автордың субъективті көзқарасы айқын. Бұл ретте, авторлық көзқарас қандай болуы тиіс деген тұжырымға анықтама бере кеткен жөн секілді. Ресейлік теоретик Е.П. Прохоров «Введение в теорию журналистики» атты еңбегінде журналистің жеке көзқарасын ақтайтын мәселелер ретінде – әлеуметтік көзқарасты айтады. «Әлеуметтік көзқарас – қоғамның кез келген қабатының мүддесі тұрғысынан сөз алу – барлық қоғам мүддесін бір мезетте бір сәттік өкілдігімен бұқаралық ақпарат қызметінің сипатын анықтайды» [Введение в теорию журналистики.] – дейді ол. Ал Д.С. Авраамов «Журналистикада ақпарат тұтыну заты емес, қоғамдық

игілік ретінде түсіндіріледі. Яғни, журналист әрбір хабарлаған ақпараты үшін жауапкершілікті мойнына алады. Ол БАҚ-ты бақылаушылардың алдында ғана емес, бәрінен бұрын әртүрлі әлеуметтік мүдделерді ескере отырып, кең ауқымды қауымдастықтың алдында жауапты. Әлеуметтік жауапкершілік журналистің барлық жағдайда адамгершілік тұрғысынан жұмыс атқарғандығын талап етеді» [Методы анализа документов в социологических исследованиях. М., 1985] – дейді ол. Яғни, журналистер халықты соғысқа үндемеу, терроризм мен басқыншылыққа шақырмау, педофильдер мен суицид оқиғаларын ашықтан ашық сынауға құқылы. Бұл жалпы адамгершілік негіздерінен туындап отыр. Бірақ, соған қарамастан журналистердің саяси, әлеуметтік проблемаларды, қақтығыс аймақтарынан оқиғаны хабарлауда, шиеленіс аймақтары жайында ақпарат таратқанда субъективті көзқарас таныта алмайды.

The Times газетінің жас журналистерге арналған кеңес бетінде авторлар Amanda Christy Brown мен Katherine Schulten «News and ‘News Analysis’: Navigating Fact and Opinion in The Times» атты мақалада кез келген мақаланың дерек пен дәйекке негізделуі қажеттігі айтылады. Яғни, дерексіз айтылған кез келген тұжырым журналисті ақтамауы тиіс.

Біз арнайы түрде екі газеттегі спикерлерді салыстырдық әрі олардың қандай топ өкілдерінен екендігін анықтадық. Мәселен, «Время» газетінде 112 спикер кездессе, «Жас Алаш» газетінде 21 спикер кездеседі, біз авторларды да қоса есептедік. Олардың арасында «Время» газетінде мемлекеттік органдар өкілдері – 66-ға жетсе, «Жас Алаш» газетінде ол біршама аз – 3. Керісінше, қоғамдық-азаматтық сектор – «Жас Алашта» – 12, «Время» газетінде – 8.




Диаграмма – 5


**www.abai.kz және www.vlast.kz сайттары бойынша:**

2014 жылдың ақпан айынан 2014 жылдың соңына дейін **www.abai.kz** сайтында – 61, **www.vlast.kz** сайтында – **37 мақала жарияланған**. Яғни, «Власть» сайтында жарияланған мақалалардың саны «Абай» сайтындағы

мақалалардан 2 есеге дейін кем.

Сонымен, **www.abai.kz** және **www.vlast.kz** сайттарына мәтіндік және дискурстық талдау жасай отырып, ондағы кездесетін бағалаулар мен спикерлердің қамтылуын төмендегідей сипаттауға болады:

Жарияланымдар сипаты:



Яғни, **www.abai.kz** – тегі 61 мақаланың 50-і бейтарап, 11-і субъективті болса, **www.vlast.kz** сайтындағы 37 мақаланың 31-і бейтарап, 6-уы

субъективті. Демек, **www.abai.kz** те, **www.vlast.kz** сайты да мәселені бейтарап тұрғыдан қарастыруды жөн деп тапқан.



**Дискурс анализ**

Сондай-ақ, газет журналистерінің де оқиғаға баға берудегі қолданған лексикаларына дискурс

анализ жасалды. Мәселен, «Жаңаөзен оқиғасын» сипаттаудағы «Время» газеті мен «Жас Алаш» газетінде қолданылатын лексикондар:

**1-кесте**

Время	Жас Алаш
Беспорядки в Киеве	Ресейдің басқыншыл саясаты

захват	сепаратизм
Российские военнослужащие	Ресейшіл саясаткерлер
Драматические события	Қырымға қол салған
Украинские воиска	Жікшілдер (Қырымдағы референдум жайлы)
Утраченные территории	Жасанды референдум

Украина мен Ресей арасындағы қақтығысты бағалау тұрғысынан «Абай» сайты мен «Власть» сайтында белгілі бір ұқсастықты байқаймыз. Ол екі ел қарым-қатынасына бейтарап тұрғыдан баға беру.


**Abai.kz**

- 1) арандатушылық – басқыншылық пиғылдағы дойыр озбырлық
- 2) Еуропадағы сепаратистік, ашық түрде фашистік, әсіре ұлтшыл бағыттағы маргиналды топтардың өкілдері
- 3) Кремльдің тыңшылары
- 4) сепаратистік, жартылай криминалды
- 5) Ресейдің Қырымдағы қылмыстық авантюрасы
- 6) «бассыздыққа»

- 7) ресейшіл демонстранттар
- 8) орыс шовинистерінің
- 9) Украинада сепаратистік

**www.vlast.kz**

Қрым провозглашен независимым суверенным государством  
 путинского ставленника  
 Российская сепаратистская мафия  
 фиктивный выбор  
 конфликт в Украине  
 настроенные ополченцы  
 пророссийские сепаратисты  
 Сол секілді ақпарат құралдарындағы тақырыптардың да дискурсын тексеруді жөн көрдік.  
 Мәселен:



Яғни, басылымдардағы тақырыптардан-ақ, олардың тақырыпты берудегі мақсатын айқын аңғаруға болады.

Демек, біз нысанаға алған зерттеу объектілеріндегі мақалалардың сипаты да, ұстанған бағыты да әртүрлі болғанын, сөйтіп Ресей мен Украинадағы қақтығыстың жергілікті БАҚ-тардағы әр түрлі сипаты арқылы толыққанды

объективті ақпарат алудың қиын екендігін аңғаруға болады.

**Қорытынды**

Қорыта айтқанда, екі түрлі тілде ақпарат тарататын ақпарат құралдары Ресей Украина қақтығысына екі түрлі сипат береді, екі түрлі

бағалайды. «Время» оқиғаны барынша спикерлер сөзі арқылы бағалауға тырысса, «Жас Алаш» газеті Ресейдің саясатын ашықтан ашық кінәлайды. Ал [www.abai.kz](http://www.abai.kz) пен [www.vlast.kz](http://www.vlast.kz) сайттарында жағдай өзгеше екі сайт та Ресей-Украина қақтығысына Ресейді кінәлі етіп көрсетеді. Алайда, Абай сайты бұл пікірін ашықтан ашық білдірсе, Власть сайты спикерлер арқылы беріп отырған.

### Әдебиеттер

Орыс тіліндегі журналдар:

Bejlinson L.S. Funkcii institucional'nogo diskursa // Vestnik Irkutskogo lingvisticheskogo universiteta. №3., 2009. – S. 142-147. (Bejlinson L.S. Functions of institutional discourse// Bulletin of the Irkutsk linguistic university. №3., 2009. – S. 142-147.)

Кітаптар:

Bol'shoj psihologicheskij slovar'. Pod obshh. red. B.G. Meshherjakova, V.P. Zinchenko. Moskva, 2004. (Great psychology dictionary. Edited by B.G. Meshherjakova, V.P. Zinchenko. Moscow, 2004)

Metodologicheskie i metodicheskie problemy kontent-analiza. Vyp. 1-2. M., 1973. (Methodological and method problems of content analyze. First edition, M., 1973)

Metody analiza dokumentov v sociologicheskikh issledovaniyah. M., 1985; (Methods of document analysis in sociological research. M., 1985)

Sociologicheskaja jenciklopedija. Pod obshh. red. A.N. Danilova. Minsk, 2003. (Sociological encyclopedia. Editor A. N. Danilova. Minsk, 2003)

Dridze T.M. Tekstovaja dejatel'nost' v strukture social'noj kommunikacii. M., 1984; (Dridze T.M. Text performance in the structure of social communication. M., 1984)

+Jeffektivnost' sredstv massovoj informacii. M., 1986. (The effectiveness of media. M., 1986)

Borisova I. N. Russkij razgovornyj dialog. – Ekaterinburg: Izd-vo Ural'skogo universiteta, 2001. (Borisova I. N. Russian colloquial dialogue. - Ekaterinburg: Ural University publishing house, 2001)

Karasik V.I. Jazykovoju krug: lichnost', koncepty, diskurs. – M.: Gnozis., 2004. (Linguistic circle: identity, concept, discourse. – M.: Gnozis, 2004.)

Makarov M. L. Osnovy teorii diskursa. – M.: Gnozis, 2003. (Makarov M.L. The theory of discourse – M.: Gnozis, 2003.)

Интернет ресурстар:

Ағылшын тілінде:

News and 'News Analysis': Navigating Fact and Opinion in The Times. <https://learning.blogs.nytimes.com/2013/01/17/news-and-news-analysis-navigating-fact-and-opinion-in-the-times/>

Орыс тілінде:

Dem'jankov V.Z. Teorija prototipov v semantike i pragmatike jazyka. [http://www.infolex.ru/Prot.html#\\_Toc32159109](http://www.infolex.ru/Prot.html#_Toc32159109).

[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

Газеттер:

Zhas Alash gazetі, 2014 jil, aqpan – jeltoqsan (Zhas Alash newspaper, February - December)

Vremya, 2014 jil, aqpan – jeltoqsan (Vremya newspaper, February - December)

Интернет ресурстар:

[www.abai.kz](http://www.abai.kz)

[www.vlast.kz](http://www.vlast.kz)

**Білбекова Ә.Т.**

ф.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан, Түркістан қ., e-mail: aliya\_b@list.ru

**АҚПАРАТТЫ ҚОҒАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА**

Мақалада қазіргі таңдағы ақпараттық технологияның қарқынды дамуы мен әлемдік медиа жүйесіндегі даму тенденциясының елеулі өзгерістерге түскендігіне назар аударылды. Бұл үдеріс бүгінгі қазақ журналистикасының дамуына да өз әсерін тигізгені шындық.

Нәтижесінде, бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдардың мазмұнында, жанрларында, пішіндік ерекшеліктерінде біршама өзгерістер пайда болды. Бүкіл газет-журналдар өздерінің сайттарын, интернет нұсқаларын жасап алды.

Радио мен телеарналар да бағдарламаларының интернет арқылы таратылуының тиімді жолдарын табуда. Мұның бәрі ақпараттық кеңістік пен уақытқа тәуелділікті азайтып, оның жеделдігі мен баршаға ортақ болу мүмкіндігін кеңейтті. Нәтижесінде, ақпараттық сыйымдылықтың көлемі едәуір артумен қатар БАҚ-тың интерактив сипатын қарапайым көрініске айналдырды. Олар ақпарат қабылдаушылармен кері байланыс жасап, пікірлесетін мүмкіндікке ие болулары арқылы азаматтық журналистиканың дамуына кең жол ашты. Азаматтық журналистика елімізде қалыптасуда. Оның алғашқы нышандарын осыдан жеті-сегіз жыл бұрын қарқынды дамыған қазақ блогосферасының қадамдарынан көруге болады.

БАҚ өміріндегі тың әрі өткір мәселелерді көтеріп, халықтың ойын, ұсыныстарын ортаға салатын, әртүрлі көзқарастардың көрініс табатын, нағыз плюрализмнің мінберіне айналатын болса, масс-медиа жүйесі өз тұтынушылары үшін жаңа мүмкіндік жасауы тиіс. Соңғы кездері БАҚ өз аудиториясымен тығыз байланыс орнатып, оларды медиа ісіне тарту, ақпарат жинауға қарапайым тұрғындардың араласуы байқалуда. Бұл нені аңғартады? Қоғамда күнделікті тіршілік түйткілдерінің, әлеуметтік проблемалардың басты тақырыпқа айналуы азаматтық журналистика құбылысының туындағанын аңғартады. Азаматтық журналистика – БАҚ арқылы ақпарат тарату үздіксіз процесін қарқынды етуге көмектеседі.

**Түйін сөздер:** ақпарат, медиа, азаматтық журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары, мақала.

Beldibekova A.T.

Candidate of Philological Sciences, NA. Yassavi International Kazakh-Turkish University,  
Kazakhstan, Turkestan, e-mail: aliya\_b@list.ru

**Information Society and Civil Journalism**

This article deals with the highlights important trends in the global media system development, along with the accelerated development of modern information technologies. Indeed, this process has an impact on the development of today's Kazakh journalism.

As a result, there have been some changes in the content of the material, genre, and media imaginative features. All newspapers and magazines have created their own websites and internet versions.

Radio and television channels also find effective ways to distribute programs on the Internet. All this has reduced the dependence on the information space and time, has expanded its opportunities for efficiency and exchange. As a result, the volume of information capacity significantly increased the media interactive content.

They, through feedback from the recipients of information and the opportunity to communicate, opened the way for the development of citizen journalism. Civil journalism is formed in our country. Its first symbols can be seen at the stage of dynamic development of the Kazakh blogosphere of seven or eight years ago.

Media raised current issues of our life, express ideas and suggestions of the people, represent different views and opinions. It is a true tribune of pluralism, so the media should create new opportunities for their customers. At the moment, the media formed a close relationship with audience, drawing ordinary people to the media work and collecting information. What does it mean? The conversion of anxiety and social problems of everyday life in the main theme of the day indicates the occurrence of the phenomenon of citizen journalism. Citizen journalism helps to the active process indissemiation of information through the media.

**Key words:** Information, media, civil journalism, mass media, article.

Бельдибекова А.Т.

кандидат филологических наук, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Яссави, Казахстан, г. Туркестан, e-mail: aliya\_b@list.ru

### Информационное общество и гражданская журналистика

В данной статье освещаются важные тенденции развития глобальной медиасистемы наряду с ускоренным развитием современных информационных технологий. И действительно, этот процесс оказывает свое влияние на развитие сегодняшней казахской журналистики.

В результате произошли некоторые изменения в содержании материала, жанре, образных особенностях средств массовой информации. Все газеты и журналы создали свои сайты и интернет-версии.

Радио и телевизионные каналы также находят эффективные способы распространения своих программ в интернете. Все это снизило зависимость от информационного пространства и времени, расширило его возможности по эффективности и обмену. В результате объем информационной вместиимости значительно увеличил интерактивное содержание средств массовой информации. Они посредством обратной связи с получателями информации и возможностью общаться открыли путь для развития гражданской журналистики. Гражданская журналистика формируется в нашей стране. Ее первые символы можно увидеть на ступени динамичного развития казахской блогосферы семилетней или восьмилетней давности.

СМИ поднимают самые актуальные вопросы нашей жизни, выражают идеи и предложения народа, представляют различные мысли и взгляды, являясь трибуной истинного плюрализма, поэтому масс-медиа должны создавать для своих потребителей новые возможности. В настоящий момент СМИ сформировали тесные связи со своей аудиторией, привлекая простых людей к работе медиа и сбору информации. О чем это говорит? О том, что превращение тревог и социальных проблем повседневной жизни общества в главную тему дня указывает на возникновение феномена гражданской журналистики. Гражданская журналистика помогает активному проведению непрерывного процесса распространения информации через СМИ.

**Ключевые слова:** информация, медиа, гражданская журналистика, средства массовой информации, статья.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуымен әлемдік медиа жүйесінің даму тенденциясы елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл үдеріс бүгінгі қазақ журналистикасының дамуына өз әсерін тигізгені шындық. Нәтижесінде, бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдардың мазмұнында, жанрларында, пішіндік ерекшеліктерінде біршама өзгерістер пайда болды. Бүкіл газет-журналдар өздерінің сайттарын, интернет нұсқаларын жасап алды. Радио мен телеарналар да бағдарламаларын интернет арқылы ақпарат таратудың тиімді жолдарын табуда. Мұның бәрі ақпараттық кеңістік пен уақытқа тәуелділікті азайтып, оның жеделдігі мен баршаға ортақ болу мүмкіндігін кеңейтті. Нәтижесінде, ақпараттық сыйымдылықтың көлемі едәуір артумен қатар БАҚ-тың интерактив сипатын қарапайым көрініске айналдырды. Олар ақпарат

қабылдаушылармен кері байланыс жасап, пікірлесетін мүмкіндікке ие болулары арқылы азаматтық журналистиканың дамуына кең жол ашты. Оның жемісі ретінде мынандай мәселелерді ерекше атап көрсетуге болады:

– журналистика жайындағы дәстүрлі ұғымның қамтитын аясы кеңейіп, мазмұны өзгерді;

– ақпарат – тауарға, бизнеске айналып, көптеген БАҚ оны өзінің басты мақсаты етіп алға шығара бастады; желілік ақпарат әлеуметтік қызметтің барлық саласына дендеп еніп, журналистика функциясының белгілі бір бөлігін блоггерлер атқаратын болды;

– журналистиканың жаңа ағымдары (азаматтық, экологиялық, із кесу, экономикалық, саяси, талдау, онлайн журналистика т.с.с.) пайда болып, оның өзі ақпарат қабылдаушыларды түрлі топтарға бөлінуіне ықпал ете бастады;

– интерактивтік сипат елеулі орынға шығып, ақпарат қабылдаушылар өздері ақпараттың мазмұнын жасауға ықпал ететін жағдайға келе жатыр; (Тоқсанбек Ә., 2017).

Аталған тұжырымдардың барлығы да еліміздің медиа жүйесінде интернет журналистиканың өркендеуінің, азаматтық журналистиканың нышандарын аңғартады.

Жаңа медианың журналистикаға ықпал-әсерін екі тарапта қарастырған жөн. Ғаламтор арқылы қазақтілді ақпарат алаңдары: порталдар, сайттар, форумдар мен блогтар қазақ аудиториясына тікелей бағытталып жатыр. Қазақ тілді домендер мен хостингтердің саны күннен күнге артып келеді. Қазақтілді интернет-аудитория қалыптасып, бүгінде олардың саны молайды. Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс азаматтық журналистика, интернет-журналистика деген атпен танымал.

Азаматтық журналистика елімізде қалыптасуда. Оның алғашқы нышандарын осыдан жеті-сегіз жыл бұрын қарқынды дамыған қазақ блогферасының қадамдарынан көруге болады. Жалпы, азаматтық журналистика – нағыз журналистиканың өзі. Сіз бен біздің, қарапайым халықтың қоғамда болып жатқан оқиғалар мен жайттарға үн қосуы. «Гражданская журналистика – это настоящая журналистика. Просто – журналистика. Именно это направление масс-медиа наиболее полно соответствует значению и предназначению профессии. «Вся журналистика должна быть гражданской. «Работать по принципам гражданской журналистики» означает просто «хорошо делать свое дело» – в газете ли, на радио, на телевидении... Тому, как «хорошо делать свое дело» в газете, и посвящено это пособие,» – деген Ресейдің Жариялылықты Қорғау қорының президенті А. Симоновтың сөзі көкейімізге қонады (Симонов А., 2014). Азаматтық журналистика деген халықтың өз сөзі. Азаматтық журналистика деген – ешқандай да бір БАҚ құрылымы мен редакциясынан, саясатынан бейтарап қатардағы азаматтардың көңіліндегі ойы, көкейіндегі пікірі.

Азаматтық журналистика болуы үшін ең алдымен елде азаматтық қоғам қалыптасуы шарт. Біздің мемлекет тұрғындарында ондай ұстаным байқалмайды, бір сөзбен айтқанда, дайын емеспіз. Айналасындағыларға сенбек түгілі, өзіне өзі сенбейтін адамдар көп бізде. АҚШ-та азаматтық қоғам бар, соның әсерінен азаматтық журналистика деген ұғым қалыптасты. Ал бізде кез келген журналист газетте, теледидарда неме-

се радиода жеткізе алмаған ойын, сөзін интернеттегі жеке блогында жазады. Белгілі бір оқиғаға деген алаңдаушылығын білдіреді. Көбі оларды ұлттық мәселеге келгенде интернетте агрессивті деп айыптайды. Бұлай айтуға болмайды. Менің байыптағанымдай, жазба жүргізетін журналистер агрессивті емес, бұл – мәселеге байланысты қатты алаңдаушылықтан туған эмоция. Осы блогшыларды біз соңғы уақытта азаматтық журналистиканың өкілдері деп танып жүрміз. Бірақ америкалықтар азаматтық журналистиканы дамытып жатыр, біз де солардың көшінен қалмайық деген ұғым, меніңше, қате. Біздің өз бағытымыз, ақпарат таратудың өзіндік еркін тұжырымдары әлі-ақ қалыптасады. Бұл белгілі фриланс-журналист, жаңа медиа зерттеушісі Асхат Еркімбаидың пікірі.

Журналист – бұл болған оқиғаны, ақпаратты жеткізуші. Блогшы – бар ақпаратқа өз ойын қосып таратушы. Екеуі де ақпаратты өзгелерімен бөлісіп жеткізеді. Бірақ, блогшыда субъективті көзқарас басым әрі ол өз мойнына ешқандай міндет алмайды. Бұл ісіне кәсіби тұрғыдан қарамайды. Өмірімізге жаңа технологиялардың, әдістердің енуіне орай жаңаша ұғымдар, салалар да пайда болып жатыр. Сондықтан, журналистің блогшы болуы да мүмкін. Интернетте қатып қалған қағида жоқ. Мысалы, мен өзімді журналист-блогшы деп есептеймін. «Фейсбукта», «Уордпресстеги» «Өрімтал» деген жеке блогым арқылы тұрақты түрде жазбаларымды жариялап, өзгелермен бөлісемін. Ақпаратты жедел жеткіземін. Негізі, қазір интернетте қазақ тіліндегі контент аз. Оны көбейту – баршаның міндеті. Әркім теңізге түскен түйір тамшыдай өз еңбегін интернеттегі ұлттық контенттің дамуына арнап жатса, қуантарлық іс емес пе? Сондықтан, мынау блогшы, мынау журналист деп бөліп қарау, меніңше, дұрыс емес. Қалай болғанда да қай-қайсымыз да қазақ интернеті, желідегі журналистиканың дамуына үлес қосуды парызымыз деп санаймыз. Қазақ тілінде сапалы контент жасау басты мақсат деген ұстанымын білдіреді (Еркімбай А., 2012).

Азаматтық журналистика мынадан көрінеді: Дәстүрлі журналистер блогшыларда журналистік мамандық пен дайындық болмағанымен мақаланың редакциялық өңдеуін Интернеттің өзі жасайтынын түсіне бермейді. Бар айырмашылық редакция әлдебір оқиғаға қатысты көзқарасты көбінесе оқиғаға дейін емес, кейін айтады. «Біз – БАҚ» ақпараттық кеңістігінде азаматтар мәлімет баяндауда оны түзету мен тарату ісінде бір-біріне иек артады. Мақалалар уақыт пен



тарату аймағы бойынша еш шектелмейді. Ол көптеген медиатрансформациялардан өгіп үнемі өзгеріп отырады. Материал әлдебіреуге емес, аудиторияның өзіне тиесілі болады. Азаматтық журналистикада – материал редакцияныкі емес – аудиторияның өзінікі. (Абай айтқан – «өз сөзім өзімдікі!»)

Азаматтық журналистикада кез келген азамат тілші бола алады. Көптеген дәстүрлі журналистер өзін журналистке телитіндерді, әсіресе блогшыларды мойындамайды. Оларды тек өз жеке бастарын ойлайтын, факті тексеру, шынайы баяндау тәрізді журналистика қағидаларын сақтамайтын әуесқойлар деп санайды. Көптеген блогшылар болса, керісінше БАҚ-ты қоғамдағы сөз бостандығынан гөрі экономикалық тәуелсіздігі мен жеке мүддесін жоғары қоятын тәкаппар элиталық клуб деп санайды. Соңғы уақытта недәуір қарқын алып келе жатқан журналистиканың жаңа форматы жөнінде пікірлер сан қилы. «Азаматтық журналистика батыста қалыптасқан термин болып енді. Біз де құдайға шүкір, қазір соған келе жатырмыз. Қанша жерден тыйым бақылаулар көп болса да, интернет даму үстінде. Сол интернет арқылы азаматтардың белсенділігін арттыру, блогтар ашу бүгін қолға алынатын мәселе. Оған журналист болу шарт емес. Өз қоғамындағы мәселеге қатысты әркім ойларын ашық беріп отырса, азаматтық журналистика дамиды. Ал, бүгінгідей тыйымы көп жүйеде халыққа анық ақпаратты жеткізу үшін азаматтық журналистиканың дамығаны ауадай қажет. Интернетте азаматтық журналистиканы дамыту, сол арқылы қоғамға үн қосу әр азаматтың міндеті. Батыс елдерінде осы азаматтық журналистика дамуының арқасында талай былықтың беті ашылғаны белгілі» – дейді белгілі журналист, «Мінбер» журналистерді қолдау орталығының жетекшісі Е. Кәпқызы (Кәпқызы Е., 2015). Ал ақпараттық технологиялар маманы, журналист, әрі блогшы Дэн Гиллмор бүгінгі азаматтық журналистиканың көшбасшысы деп айтуға болады. Ол Азаматтық БАҚ Орталығын құрған және өзінің «Біз- медиа» атты кітабында: «Азаматтық журналистика – бұл адамзат үшін адамдармен жасалынған журналистика» деп жазады (Дэн Гиллмор., 2014). Сонымен, әуелде азаматтық журналистика дегенді біз журналистер мен оқырман, тыңдарман, көрермен көмегімен пайда болған туынды немесе журналистердің оқырманмен санасып, оларды толғандыратын мәселелердің мәнісін ашу деп түсіндік. Бүгінде азаматтық журналистикаға кез келген адам

дәстүрлі БАҚ-тан тәуелсіз өз үлесін қоса алады, әрі журналист үшін альтернативті ақпарат көзіне айналып, жаңа медиа механизмінің элементі, қажетті бөлшегі ретінде қызмет атқара алатынын көріп отырмыз. Бұған, біріншіден, үздіксіз ақпарат толқыны мен жаңа технологиялардың дамуы себепкер болды (Шамақайұлы Қ., 2013).

Иә қалай десек те, ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуымен өмірімізге дендеп енген net-журналистиканың шыңы азаматтық журналистика бүгінде қазақ қоғамында қалыптасып келеді. Белгілі бір деңгейде даму сатысында жүруде. Зерттеуші М. Жәпек: «Сонау XV ғасырда халықтың мұңын зарлаған жыраулар мұрасы азаматтық журналистиканың айқын мысалы болатындығына дау жоқ. Бұл туралы көптеген зерттеу еңбектерде дәйектер бар» – дей келе, өз ойын былай деп тұжырымдайды: «Алатау мен Алтайды алып жатқан алып атырап, қазақ даласында азаматтық журналистиканың дамуына қаншама «алапат дауылдар» мен «бет қаратпас борандар», зар замандар еш кедергі бола алған жоқ. Кейінірек халық мұрасына айналған ауыз әдебиетіміздің үлгілері әуелде белгілі бір тұлғаның өзегін өртеген өрелі сөзі екендігіне ешкім дау айта алмас. Нағыз сөз бостандығы біздің ұланғайыр жерімізде салтанат құрды. Асан Қайғы, Қазтуған, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шалкиіз мұралары, берісі Махамбет шығармалары – азаматтық журналистиканың жарқын мысалы.

Ендігі жерде «азаматтық журналистика өзгеде бар, бізде жоқ» деп езеуремей, өткенге бір көз тастап, асыл мұраны қайта зерттеп, зердемізге тую әрқайсымыздың парызымыз болмақ» (Жәпек М., 2009). Ден қойғызарлық пікір. Әуел бастан азат ойлы, еркін сөзді, демократ қазақ елі үшін журналистиканың бұл халықтық пішіні жат болмасы анық. Жоғарыда айтып өткеніміздей азаматтық журналистиканың белең алуы, оны өрістетуші блогшылар қауымы қызметіне деген қоғамда пікірлер легі сан алуан. Белгілі журналист, Ресей тележурналистикасының майталманы Владимир Познер қазақстандық «Би-ньюс» порталына берген сұхбатында былай дейді:

«Сіздің ойыңызша, азаматтық журналистер мен блогерлер болашақта кәсіпқой журналистердің «орнын баса алады» ма?

– Бұрындары, кеңестік кезеңде, болашақта көркем өнер кәсіпқой әртістерді ығыстырып тастайтыны туралы сөз көп тарап жүрді. Мәдениет министрлігінде бір отырыс болды. Сол кездегі министр Екатерина Фурцева, МХАТ-тың

жетекші әртістерін және өзге де шығармашыл жандарды отырысқа жинаған еді. Ол халық өнерінің біртіндеп кәсіпқой әртістерді ығыстырып тастайтындығын т.б. мәселелерді көтерген болатын. Өз сөзін аяқтаған кезде ол отырысқа келгендерден қандайда бір сауалдардың бар-жоғын сұрастырды. Сол кезде Кеңес Одағының халық әртісі Борис николаевич Ливанов орнынан тұрып, мынандай сауал жолдады: «Иә, менде сұрақ бар. Екатерина Алексеевна, егер сізге гинекологқа бару керек болса, сіз әуесқой маманға барасыз ба, әлде кәсіпқой гинекологты таңдайсыз ба?». Әрине, сол кезде үлкен жанжал туындаған болатын. Ол осылайша мәселенің мәнін көтерді.

«Журналистика бұл – мамандық. Азаматтық дипломатияны мен түсінемін. Ал, мысалы, азаматтық медицина бар ма? Медициналық білімі жоқ адам ота жасайтын болса, не болады? Бұл ешқашан болмайды деп ойлаймын. Жалпы, «азаматтық журналистика» – бұл журналистика емес. Мұны мен түсіндіруге тырысып жүрмін. Ғаламтор арқылы кез келген адам өзінің біліміне, көзқарасына, кім екендігіне қарамастан өз пікірін білдіре алады. Бұл – керемет! Мен мұны қолдаймын! Дегенмен, мұның журналистикаға еш қатысы жоқ. Сондықтан, мен бұл оймен келіспеймін» (Құлмағанбетова Д., 2015).

Телепередачи в городах и селах республики смотрело свыше 80% населения. В 1990 г. в Алматы была создана республиканская ассоциация коммерческого ТВ, ее первыми членами стали: КТК – Коммерческий телевизионный канал и телекомпания «ТАН» («Утро»). КТК было создано 2 ноября 1990 г., ТАН – 1 апреля 1991 г. С середины 1993 г. в эфире г. Алматы появляется «31 канал», вслед за ним вышла независимая компания «Тотем», которая прекратила свое существование в 1997 году. Алматинское ТВ было преобразовано в государственное акционерное общество «АТД» (Алматы дидары) – АТВ (Алматинское ТВ) – ныне телекомпания «Рахат», которая вещает на казахском и русском языках. В начале 1990-х годов были независимые телекомпании «Азия ТВ», «Отрар», «Дала», «Гульжан ТВ», «Крамдс Твин», которые к середине и к концу XX столетия прекратили свое вещание.

Процесс вхождения Казахстана в рыночные отношения выявил проблему конкурентоспособности в условиях роста числа телеканалов. Переход к демократическому, гражданскому обществу ведет к существенным изменениям в информационных процессах, в том числе в телевещании. Стали выходить актуальные злободневные передачи. Преобразования электронных СМИ отразились на конкретной деятельности журналистов, на ее творческой и технической стороне. Из производителя информационных текстов он все больше становится организатором, посредником в общении с аудиторией. Это прослеживается в программах прямого эфира с телефонной обратной связью, телемостах, те-

ледебатах с «открытым микрофоном». На аудиторию обрушился огромный массив новой информации, спектр разных мнений, взглядов. Диалог, полемика, дискуссии – алогичные формы вещания стали обычным явлением в аудиовизуальной журналистике.

Постепенно произошел переход от пропагандистского к либеральному типу коммуникационного общения. ТВ создает свою вещательную политику суверенного государства. Появляются новые тенденции вещания, характерные для 1990-х годов XX столетия: децентрализация вещания, специализация программ и станций, персонализация информации, коммерциализация, локализация вещания. Все они связаны с перестройкой социально-экономической и культурной жизни страны.

В истории телевидения выделяют несколько этапов, каждый из которых характеризуется качественно новым содержанием. Первый этап – от научных опытов, изобретений и открытий ученых в области передачи изображения и звука на расстояние до появления регулярного телевизионного вещания, т.е. от начала XX века – до 1930-х годов. Второй этап – от начала регулярного телевидения в 1930-е годы до создания системы центрального, республиканского и местного телевидения и возникновения массового вещания в 60-е годы. Третий этап – с конца 1960-х годов, когда массовое вещание стало общесоюзным и многопрограммным, до начала 1990-х годов. Четвертый этап начинается в 1990-х годах XX века, когда с распадом СССР разрушается система центрального государственного управления телевидением (Егоров В.В., 1999: 6). Бывшие Союзные республики обрели независимость, стал суверенным государством и Казахстан в 1991 г. С начала 1990-х годов появляется альтернативное ТВ, возникает конкурентная борьба в эфире между государственным и коммерческим вещанием, между различными телеканалами за телезрителя.

Казахстан активно внедряет новые информационные технологии в СМИ. Огромная территория страны также способствует развитию спутникового ТВ – телевидения без границ. Большим подспорьем в этом направлении является казахстанский космодром “Байконур” – центр по запуску космических ракет. Благодаря спутниковой ТВ-системе “Жарык” (“Свет”) стало возможным передавать телепрограммы из северной и южной столиц во все регионы Казахстана, а также охватывать периферийным вещанием

часть России, Узбекистана, Китая, Монголии. Кроме того, в республике была установлена совместно с австралийской фирмой новая наземная передающая станция, что увеличивает потенциал коммерческих телерадиокомпаний в охвате всей территории страны.

Информационно-технологическая революция активизировала внедрение и развитие глобальных СМК, в республике быстро распространяется спутниковое, кабельное ТВ, мобильная телефония, растет количество Web-изданий, информационных мультимедиа ресурсов, получает развитие волоконно-оптическая связь, платное видео. Социально-экономические изменения казахстанского общества определили направление развития новых ИТ, средств массовой коммуникации страны. В 1995 году в соответствии с Постановлением Кабинета Министров Республики Казахстан «О национальной спутниковой системе телерадиовещания и передачи данных» было создано акционерное общество «Кателко», которое предусматривало развитие национальной сети и перевод на спутник программ государственного вещания. В 1997 году была запущена в эксплуатацию первая национальная сеть телерадиовещания с предоставлением услуг по передаче сигнала от телекомпаний до телепередатчиков в населенных пунктах.

Осуществление социальной модернизации в Казахстане под влиянием информационных технологий – актуальная задача, позволяющая стране выйти на более высокий уровень развития. Спутниковая система «Жарык» дает возможность охватить общенациональным вещанием свыше 90% населения республики. Казахстан вступил в 1994 году в Международную спутниковую организацию «Интелсат». Спутниковое, кабельное ТВ дает казахстанскому зрителю разнообразную картину освещения международных событий через 100 и более каналов: азиатских, европейских, американских. Глобализация информационного процесса активизирует развитие экономики, науки, культуры, образования, повышает интерес к местным средствам массовой информации.

В июне 2006 году был запущен первый казахстанский спутник «Казсат-1». «Казсат-2» был запущен в середине июля 2011 года, который обеспечивает республику спутниковой связью, а также цифровым телевидением и радиовещанием. Данный спутник предназначен для отечественного вещания и телекоммуникационной связи.



### **Заключение**

В стране идет поиск методов регулирования создающихся новых коммерческих средств информации с появлением Интернета, кабельного, спутникового ТВ, цифровой технологии. Спутниковая технология и видеопродукция дали возможность казахстанской аудитории смотреть любые передачи, программы. Местные, областные ТВ станции являются составной частью общей телерадиовещательной системы, обслуживающей общественные интересы. Конкуренция вещательных каналов способствует разнообразию передач, поднятию общей вещательной культуры в стране.

В Казахстане сформировался информационный аудиовизуальный рынок: появились но-

вые издания, агентства, медийные центры, новые телепрограммы, жанры, имеющие новые направления, тенденции, определяющие информационную, вещательную политику начала XXI века.

Роль телевидения как средства жизненной ориентации людей невозможно переоценить. ТВ выступает в качестве важнейшего средства демократизации общества, выражения общественного мнения, формирования активного сознания, участвующего в социальных преобразованиях страны. В настоящее время весь общественный потенциал ТВ в Казахстане направлен на реализацию индустриально-инновационного развития Казахстана, модернизацию общественного сознания, социально-культурное развитие казахстанского общества.

### **Литература**

- Егоров В.В. Телевидение – между прошлым и будущим. – М.: Воскресенье, 1999. – С. 6.  
Князев А. Основы тележурналистики и телерепортажа: учебное пособие. – Бишкек, 2001. – С. 16.  
Саппак К.В. Телевидение и мы. – М., 1936. – С. 137.  
Caspian – Kazakhstan, 2002. – P. 146.

### **References**

- Egorov V.V. Televidenie – mezhdum proshlym i budushem.-M.: Voskresenie, 1996.-S.6. [Television – between last and future.-M.: Sunday,1999.-P.6]  
KnayzevA. Osnovy televizionoi jurnalistiki i TV reportazh: Uchebnik.-Bishkek, 2001.-S.16. [Thebasesof TV journalism and TV reportage: Textbook.-Bishkek,2001.-P.16].  
SappakK.V. Televidenie I my.-M.,1936.-S.137. [TVandwe.-M.,1936.-P.137].  
Caspian-Kazakhstan, 2002. – S.146.[Caspian – Kazakhstan, 2002 – P.146].

**Ошанова О.**

ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: oshanov@mail.ru

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНТЕРНЕТ КЕҢІСТІКТІ ЗАҢДЫҚ ТҰРҒЫДАН РЕТТЕУ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН НАҚТЫ ШАРАЛАР**

Бұл мақалада автор қазіргі кезде өзекті болып отырған интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесін көтереді. Бұл сұрақ біздің еліміздің ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен БАҚ өкілдерін толғандырып отыр. Мұның себептері де салмақты, біріншіден, бұл ұлттық қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, екіншіден, сөз бостандығы мен жариялылығы мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылатындығында болса керек. Әлемнің дамыған елдерінде интернет кеңістікті заңдық тұрғыдан реттеу тәжірибесі кеңінен қолданылып келеді және олар ғаламтордың шексіз мүмкіндігін заңсыз әрекет етуші күштердің пайдалануына тосқауыл қоюдың түрлі әдіс-тәсілдерін ойластырып қойған.

Бұл тұрғыдан алғанда біздің елімізде бұл мәселе соңғы екі-үш жылда ғана қоғам тарапынан кеңінен талқыланып, заңдық тұрғыдан реттеудің қатаң шаралары қолға алынып жатыр. Мақала авторы осы бағыттағы отандық реттеу шараларын жан-жақты талдай келіп, сонымен қатар дамыған елдерінің виртуальды кеңістікті құқықтық тұрғыдан реттеудің әдіс-тәсілдерін де түрлі қырынан сараптайды. Мәселен, терроризмді насихаттау, порнография, бейәдеп сөзбен балағаттау мәселелерін реттеуге қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды жүйелі сөз етеді. Осылайша нақты деректер негізінде мәселені салыстыра қарастырып, еліміздегі интернет кеңістікті бақылаудың кемшіліктері мен жетілдірер тұстарын ашып көрсетеді.

Еліміздегі ақпаратты бұғаттау және оны қайта қалпына келтіру тәртібі ақпараттың немесе ақпараттық ресурстың мазмұнына тікелей қатысты. Заңнама бойынша олар жүйеленіп, нақты атап көрсетілген. Бұл бағытта талдау жан-жақты болу мақсатында Ресейлік заңның ерекшелігі де салыстырыла талданды.

**Түйін сөздер:** интернет, құқықтық реттеу, сөз бостандығы, ақпаратты бұғаттау, заң, салыстыру, ақпаратқа қолжетімділік.

Oshanova O.

Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: oshanov@mail.ru

### **Legal regulation of the Internet space in Kazakhstan: current issues and Concrete measures**

In the article raises the actual issue of legal regulation of the Kazakhstan Internet space. The author examines the issues of combining the methods of legal regulation and self-regulation on the Internet. Prospects of soft law in the international regulation of the Internet, in countries such as the United States, Britain and Russia are assessed from different points of view. Especially the author draws attention to such topics as terrorism, pornography and encroachment on the honor and dignity of citizens.

The relevance of this topic is expressed in the fact that, the Internet is still not sufficiently regulated from the legal point of view. The constant increase in the number of subscribers and the growing importance of information exchange through the Network attract the public's attention to the problems of regulation, the development of rules for the fair, legitimate functioning of the Internet by the state.

Internet legislation is a set of laws, other normative acts (national and foreign states) which are regulating relations in the virtual space of the Internet. As an Internet relationship is considered only those relations that are connected with the social and legal regulation of the virtual space that is with the regulation of this space on the basis of the norms of law, morals, ethics and other means.

The main problems of legal regulation are related to the order and conditions of the use of telecommunications networks and protection of the rights and legitimate interests of various entities during the

transfer of information in global computer networks. There is a need to develop an adequate national legislation with all modern requirements, moreover in existing laws on the legal regulation of the Internet space in Kazakhstan prescribed severe penalties, and they haven't an alternative solutions. This issue causes criticism of both among professional journalists and among the public.

At present, the domestic information legislation of Kazakhstan and other countries are very extensive. However, it is still far from perfect and requires working out and adoption of new acts.

**Key words:** internet, legal regulation, freedom of speech, legislation, information blocking, access to information.

Ошанова О.

к.ф.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: oshanov@mail.ru

### **Правовое регулирование интернет-пространства в Казахстане: актуальные вопросы и конкретные меры**

В статье автор поднимает актуальный вопрос правового регулирования казахстанского интернет-пространства. Рассматриваются вопросы сочетания методов правового регулирования и саморегулирования в Интернете. Оцениваются перспективы «мягкого права» в международном регулировании Интернета в развитых странах. Особенно автор обращает внимание на такие темы, как терроризм, порнография и посягательство на честь и достоинство граждан.

Актуальность данной темы выражается в том, что Интернет до сих пор недостаточно урегулирован с точки зрения права. Постоянное увеличение числа абонентов, растущая значимость обмена информацией посредством Сети привлекают пристальное внимание общественности к проблемам регулирования, выработки правил справедливого, легитимного функционирования Интернета со стороны государства.

Интернет-законодательство – это совокупность законов, иных нормативных актов (национальных, и зарубежных государств), регулирующих отношения в виртуальном пространстве Интернета. В качестве интернет-отношений выступают только те отношения, которые связаны с социально-правовым регулированием виртуального пространства (т.е. с регулированием этого пространства на основе норм права, морали, этики и других средств).

Основные проблемы правового регулирования связаны с порядком, условиями использования телекоммуникационных сетей и защиты прав и законных интересов различных субъектов при перемещении информации в глобальных компьютерных сетях. Существует необходимость разработки адекватного всем современным условиям национального законодательства, в существующих законах о правовом регулировании интернет-пространства в Казахстане прописаны жесткие меры наказания, и им нет альтернативы. Это вызывает критику как в среде профессиональных журналистов, так и среди широкой общественности.

В настоящее время внутреннее информационное законодательство Казахстана и других стран весьма обширно. Однако, оно пока далеко от совершенства и требует разработки и принятия новых актов.

**Ключевые слова:** интернет, правовое регулирование, свобода слова, законодательство, блокировка информации, доступ к информации.

### **Кіріспе**

Әлем елдерінде интернетті құқықтық тұрғыдан реттеудің бірнеше тәсілдері бар. Біріншісі – мемлекет интернетті реттеу жұмысына араласпайды, екінші тәсіл – интернетті басқару және құқықтық қарым-қатынасты реттеу ісінде (балалар порнографиясы, терроризм, экстремизм және т.б.) мемлекеттің араласу үлесі шектеледі. Ал үшінші тәсіл – интернетті заңдық реттеудің қатаң түрін қолдану.

Қазақстан осы құқықтық реттеу тәсілдерінің үшінші үлгісін таңдап алды. Әрине, бұл мәселеге қатысты заңгерлер мен медиа-сарапшылар өздерінің қарсы пікірлерін жария түрде білдірді. Мә-

селен, олар біріншіден, интернет азаматтардың еркін пікір білдіруінің қолданбалы құқығын іске асыруға технологиялық мүмкіндік беретін құрал болуы керек десе, екіншіден, мемлекеттің реттеудің «жоғарыдан төмен» деген ұстанымын алға тартуы интернет қолданушыларының қарсылығын тудыруға әкеліп соғады, сонымен қатар бұл жағдайда мемлекет интернет контентті бақылау және сүзгіден өткізу артықшылығын өз мүддесіне сай реттейтіндігі сөзсіз деген тұжырым жасайды. (Толеуханова, 2015)

Қазақстан жыл сайын интернетті реттеудің шектеу үлгісін заңдық тұрғыда бекітіп отыру үрдісін соңғы жылдары үздіксіз жалғастырып келеді.

Алғаш рет елімізде 2009 жылы интернеттегі барлық сайттар, әлеуметтік желілер «бұқаралық ақпарат құралы» деп заңдық тұрғыда бекітілді. Әкімшілік, азаматтық, құқықтық жауапкершілік өлшемдері де БАҚ-қа теңестірілді. Осы негізде «Фейсбук» сияқты әлеуметтік желілерде жарияланған постарға қатысты күмән тудыратын соттық шешімдердің жауапкершілікке тарту тәжірибелері кездесе бастады, әрине бұл заңдық стандарттарға қарсы әрекет болып танылады. «Ақпарат туралы заң» қабылданар алдында еліміздің медиа-сарапшылары мен құқық қорғаушылары бұл мәселені шешудің оңтайлы тәсілін ұсынып көрген еді, яғни заңға «желілік басылымдар» деген түсінік енгізіп, яғни интернеттегі барлық жарияланған дүниелерді БАҚ деп танымай, тек «желілік басылым» деген тіркелім жасаған сайттарды мойындау. (Толеуханова, 2015)

Соңғы жылдары мемлекет БАҚ-ты, оның ішінде интернет сайттар да бар, қаржыландыруға қомақты ақша бөлуде. Сонымен қатар интернетті реттеуге, яғни насихаттық материалдарды жариялауға, тосқауыл қоюға жататын заңсыз контентті іздеуге және мониторинг жасауға мемлекет аз қаржы жұмсап отырған жоқ. Тағы бір айтып өтерлік жайт, Қазақстанда тыйым салынған сайттардың тізімі жоқ, бар болған жағдайда да бұл ақпарат көпшілікке қолжетімді емес, негізінен алғанда мұндай мәліметтердің жария болғаны дұрыс дер едік.

Дамыған елдердегі әлеуметтік желіде бейәдеп сөз айтқан, балағаттау мәселесін реттеуге қатысты заңнамаларды сөз етер болсақ, бұл мәселені реттеуге қарсы шығушылар бар, олардың айтар уәжі – бұл дегеніміз цензура, ой еркіндігі мен сөз бостандығына қайшы, «сөз бостандығы әркімнің жеке бас құқығы, ол Конституцияда көрсетілген» дейді. (Dawn A.Edick, 1998)

Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Халықаралық ұйымдар интернеттегі сөзбен балағаттау және порнография мәселесін реттегенде «адамның жеке тұлғалық және отбасылық құндылықтарын қорғауды басты назарға алу керектігін айтады. Сонымен қатар кейбір мамандар балаларды адамгершілікке қайшы келетін және зиянды материалдардан сақтандыру қажет» дейді. (Panel Discussion, supra note 2, at 354)

Балағаттау еркін сөйлеудің қорғалған түріне жатпайды. Интернет - қоғамдық пікірді бөлісудің ортасы дегендер бұған қарсы шығады. Интернет Либертарианецтер порнографияны интернетте пайдалануға шектеу қоюдың зиянды жақтары бар екендігін айтады, яғни «бұл ағарту-

шылық және медициналық бағыттағы қажетті ақпараттардың цензурасына жол ашады, нақты бір топтардың медициналық ақпараттармен алмасуына шектеу қояды» – дейді.

Интернет тұтынушылардың бір бөлігі биліктің интернетті реттеу жұмыстарына араласуына қарсы, себебі онсыз да интернетті мемлекеттік қорлар жан-жақты қолдап отыр, бұл жағдайда федералдық билік өз насихатын арттырып, кей жағдайда қысым жасауға дейін баруы мүмкін дейді.

**Қазақстан мен Ресейде интернет қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселелері: салыстырмалы талдау.** Ресейде Интернет қызметін реттеу «РФ телекоммуникациялар саласы туралы» заңнамасы негізінде іске асады (Дмитрик, 2015). Интернетке қол жеткізу үшін абонент алдын ала идентификация жасайды. Байланыс операторы желі арқылы таратылатын ақпараттарды шектей алады және оны қайтадан іске қосады.

Ал ақпаратты бұғаттау және оны қайта қалпына келтіру тәртібі ақпараттың немесе ақпараттық ресурстың мазмұнына тікелей қатысты. Заңнама бойынша олар жүйеленіп, нақты атап көрсетілген. Ресейлік заңның ерекшелігі – ақпаратты бұғаттау ісін ақпараттардың мазмұнына қарай бірнеше органдар бірлесе атқарады. Мысалы, жаппай тәртіпсіздікке, экстремистік әрекетті жүзеге асыруға, келісілмеген көпшілік шараларға қатысуға шақыратын ақпараттарды бұғаттаудың бастамашысы Бас прокурор және оның орынбасарлары, балалар порнографиясы, анаша дайындау және қолдану тәсілдері, оны сатып алуға болатын орындар туралы, өзіне-өзі қол жұмсаудың жолдары немесе сондай әрекет жасауға шақыру, қылмыстың құрбандары болған кәметке толмаған балалар туралы ақпараттар, сот шешімімен тыйым салынған ақпараттарға сот немесе уәкілетті органдар тыйым салады. Ал ақпараттық ресурстың иесі заңда көрсетілген міндеттерін орындамаған жағдайда сот немесе Ресейдің бақылау комитеті бұғаттау ісіне араласады.

Бұғаттау бастамасы көтерілгеннен кейін тыйым салынған ақпарат арнайы реестрге енгізіледі, содан кейін ақпаратты алып тастау туралы хабарламалар төмендегідей тәртіппен іске асады: Ресей бақылау комитеті хостинг провайдерлеріне хабарлайды, ал ол өз кезегінде сайт иесіне нұсқау береді, ол 1 тәулік ішінде ақпаратты жою керек, егер ол бұл белгіленген мерзімде талапты орындамаса хостинг провайдері 3 тәулік ішінде сайт жұмысын бұғаттайды. Ал егер сайт қызме-

ті хостинг провайдері және сайт иесі тарапынан бұғатталмаса, Ресей бақылау комитеті интернет провайдерлеріне хабарлама жібереді.

Ендігі кезекте бұғатталған сайт қызметін қайта қалпына келтіру ісіне тоқталайық, ол мынадай тізбекпен атқарылады: ең алдымен, Ресей бақылау комитеті тыйым салынған ақпарат алынып тасталғаннан кейін немесе ақпаратты бұғаттау туралы соттың немесе басқа да уәкілетті органдардың шешімі жойылғаннан кейін сайт иесінің, хостинг провайдері немесе интернет провайдерінің өтініштері негізінде сайтты рестр тізімінен алып тастайды. Содан кейін ғана комитет байланыс операторларына бұғатталған сайт қызметін қалпына келтіру туралы хабарлама жібереді.

**Біздің елімізде интернет қызметін реттеу** «Байланыс туралы» Заңда қарастырылған (ҚР «Байланыс туралы» Заңы, 2004). Заңға сәйкес төмендегідей ақпараттарды таратқан жағдайда байланыс желілері мен құралдарының жұмысы тоқталады:

– Жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарға шақыратын ақпараттар;

– ҚР сайлау туралы заңнамасын бұзатын ақпараттар;

– Экстремистік және террористік әрекетті жүзеге асыруға, жаппай тәртіпсіздіктерге шақыратын ақпараттар;

– кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттайтын бұқаралық (жария) іс-шараларға қатысуға шақыруды қамтитын ақпараттар. (41-1-бап, 1 тармақ).

Егер мұнда көрсетілген заң талаптары бұзылған жағдайда ҚР Бас прокуроры немесе оның орынбасарлары уәкілетті органға байланыс желілерінің және құралдарының жұмысын, байланыс қызметінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді уақытша тоқтата тұру жөнінде шаралар қолдану туралы талаппен заң бұзушылықтарын жою туралы нұсқама енгізеді. Бұл жағдайда уәкілетті органның талаптары бойынша байланыс операторлары және мемлекеттік техникалық қызмет тыйым салынған ақпаратқа қол жеткізуді шектеу бойынша дереу шаралар қолдануға міндетті. (41-1-бап, 1-1 тармақ)

Уәкілетті орган заң бұзушылықтар туралы нұсқаманы орындау бойынша шаралар қолдану туралы талапты алғаннан кейін 1 сағат ішінде байланыс операторларына және мемлекеттік техникалық қызметке орындау үшін жібереді. (2

тармақ) Ал олар бұл талапты 3 сағаттан аспайтын уақыт ішінде іске асыруға міндетті.

Байланыс желілерінің және құралдарының жұмысын қайта қалпына келтіру жұмыстары төмендегідей жолдармен реттеледі. Ең бірінші кезекте, ҚР «Байланыс туралы» заңының 4-1-бабының 1 тармағында көрсетілген мазмұндағы ақпараттарды таратқан адам, заңға қайшы келетін ақпаратты өз парақшасынан алып тастағаны жайлы уәкілетті органға хабарлама жібереді (4 тармақ). Ал уәкілетті орган хабарламаның анықтығын тексергеннен кейін байланыс операторына және мемлекеттік техникалық қызметке интернет-ресурста орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді уақытша тоқтата тұру жөніндегі талаптың күшін жою туралы тапсырма береді. (41-1-бап, 5 тармақ) Ал олар бұл нұсқауды шұғыл түрде орындауы тиіс. (6 тармақ)

Уәкілетті орган, байланыс операторлары және мемлекеттік техникалық қызмет байланыс желілерінің және құралдарының жұмысын тоқтатат тұрудың жоғарыда айтылған талаптарын орындамаса, заң алдында жауапкершілікке тартылады.

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген интернет қызметін реттеу туралы заңнамаларын қарастыра келіп, біздің еліміздің бұл бағытта атқарылатын жұмыстарды жүйелеу және толықтыру керектігіне көз жеткізесіз. Мәселен, Ресейде бұғатталатын ақпараттар мазмұнына қарай бірнеше топқа жіктеледі және оларға тыйым салу және бақылау жүргізетін бірнеше органдар бар. Ал біздің елімізде заңға қайшы келетін ақпараттарға қол жеткізуді уақытша тоқтата тұру немесе бұғаттау бастамашысы тек қана ҚР Бас прокуроры немесе оның орынбасарлары бола алады.

Тағы бір атап өтерлік тұсы, жариялауға тыйым салынған ақпараттар қатарында анаша дайындау және қолдану тәсілдері, оны сатып алуға болатын орындар туралы, өзіне-өзі қол жұмсаудың жолдары немесе сондай әрекет жасауға шақыру, қылмыстың құрбандары болған кәмелетке толмаған балалар туралы ақпараттар нақты көрсетілген.

Біздің еліміздің заңнамасында заң бұзушылық нысанасына жеке адамдар көбірек ілінеді, яғни оның әлеуметтік желілерде өз парақшасында жазылған ақпараттар және басқа пайдаланушының жазған жазбасына қалдырған комментарийлер мазмұны көбірек бақылауға алынады. Ресей заңында бұғаттау ісінде, көп жағдайда сайттардың ақпараттары бақылау тезінен өтетіндігі байқалады.

Бұл сөзімізге 2017 жылдың 28 желтоқсанында «Ақпарат және коммуникация мәселелері бойынша ҚР заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңындағы 36 бап қосымша дәлел бола алады. Осы баптың 5-1 тармағы негізінде енді тіркелмеген қолданушылар қазақстандық интернет-ресурстарда бүркеншек атпен комментарийлер қалдыра алмайды. Көпшілікке қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстардың иелері қолданушының ақпараттарын «электрондық үкімет» порталында идентификация немесе SMS-идентификация жасағаны туралы екеуара жасаған жазбаша келісім шарт болған жағдайда ғана жариялай алады.

Заңдағы бұл жаңа норма ҚР ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, әлеуметтік желілердегі қолданушылардың бір-бірін бейәдеп сөздермен балағаттау және әлеуметтік және ұлтаралық жанжал тудыратын мазмұндағы комментарийлер қалдыру деректерінің көбеюінен пайда болған. Сонымен қатар министр әлеуметтік желі қолданушылары комментарийді жалған атпен бұрынғыдай қолдана береді, тек портал иелері бүркеншек атпен кімнің тіркелгенінен хабардар болып отырады (Sputnik Kazakhstan сайты, 2017).

Бұл заң нормасының тағы бір ескеретін тұсы, әлеуметтік желіде ұлтаралық жанжал тудыру немесе конституция талаптарына қайшы келетін әрекеттерге шақыру әрекеттері орын алған жағдайда қолданушыларды анықтау мүмкіндігі болады. Заңда көрсетілген бұл талаптар Facebook, Youtube, Instagram сияқты шетелдік ресурстарға қолданылмайды.

Соңғы жылдары Қазақстанның тиісті органдары әлеуметтік желіні қатаң бақылауға алды. Әлеуметтік желіде ойланбай жазған бір сөзі үшін темір тордың ар жағынан шыққан азаматтардың саны көбейіп кетті. 2016 жылдың соңғы екі айын алып қарайық: Солтүстік Қазақстан облысының 22 жастағы тұрғыны әлеуметтік желіде ұлтаралық шиелініс тудырды деген күдікпен 3 жылға сотталса, осы облыстың тағы бір тұрғыны Қазақстанды Ресейге қайта қосу керек деген жазбасы үшін 5,5 жылға сотталды. Щучинск қаласының тұрғыны интернетте терроризмді насихаттағаны үшін алты жылға түрмеге қамалды. Бұл әрине, алаңдайтын мәселе. Әсіресе, оқушылар мен жастар үшін. Әлеуметтік желіде «ерігіп» отырған олар, ойланбай жазған бір сөзі үшін өмір бойы опық жеуі мүмкін. (kazinform.kz, 2017)

Бұл жерде ҚР Қылмыстық кодексінің төмендегідей баптары орындалғанына көз жеткізу-

ге болады: біріншіден, 174-бап бойынша әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер жасаған адам екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Екіншіден, 180-бап бойынша Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе әлеуметтік желіні пайдалана отырып, ҚР тұтастығын бұзуды насихаттаған немесе жария түрде соған шақырған адам 5 жылдан 10 жылға дейін түрмеге қамалады. Үшіншіден, 256-бап бойынша терроризмді насихаттау немесе жария түрде террорлық акт жасауға шақыру. Бұндай әрекет жасаған адамдар үшін мүлкін тәркілей отырып, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. (ҚР Қылмыстық кодексі, 2014)

Біздің елімізде қазіргі кезде дәстүрлі БАҚ-та болсын немесе әлеуметтік желіде болсын адамдардың бір-бірін сөзбен қорлап, ар-намысына тиіп, бейәдеп сөздер айтқан жағдайлар жиі кездеседі. Мәселен, «Гэкку» телеарнасында «Follow Wars» деп аталатын бағдарлама бар, онда еліміздің танымал адамдары, көп жағдайда шоу-бизнес өкілдері әлеуметтік желіде оқырмандардың өздері туралы жазған жағымсыз пікірлеріне немесе өздеріне қатысты сыни пікірлерге тікелей эфирде жауап береді.

Кезекті бір санында танымал продюсер Баян Мақсатқызы қонақ болып, өзіне желі арқылы бейәдеп сөз жазған қолданушыға эфирде тұрып былапыт сөздермен жауап қайтарды. Бұл хабарды көрген көрермендер Баян Мақсатқызын бұл іс-әрекеті үшін қатты сынады. (nur.kz сайты, 2017)

Негізі мұндай жайттардың еліміздің телеэфирлерінен немесе әлеуметтік желілерінен орын алып жатуы көпшіліктің өздерінің ар мен ұяты және заң алдындағы жауапкершіліктерін терең сезінбеулерінен туындаса керек.

### Қорытынды

Жоғарыда салыстыра зерттеу нәтижесінде көз жеткізгеніміздей, біздің елімізде интернет кеңістікті заңдық тұрғыдан реттеу мәселесі нақтыланбаған, жалпылама сипаты басым.

Біздің елімізде де заң бұзушылық нысанасына әлеуметтік желідегі жекелеген адамдардың жазбалары алына бермей, сайттарда жарияланған ақпараттардың мазмұнын бақылау тезінен өткізу ісіне басымдылық берілсе дұрыс болар еді.

Мемлекет, интернет қолданушылар және қызмет ұсынушылар бірлесе отырып, көпшіліктің пікір еркіндігіне қол сұқпайтындай реттеу шараларын ойластырып, әрі балаларды Интернеттегі зиянды ақпараттардан қорғаудың жүйесін құрастырып шығарулары қажет дер едік.

#### Әдебиеттер

- Анонимные комментарии и тайны чиновников: какие изменения ждет СМИ, Sputnik Kazakhstan, 21.12.2017.  
Әлеуметтік желі: ойланбай сөйлеп, опық жегендердің жазасы, kazinform.kz, 18.01. 2017 жыл.  
Dawn A.Edick, Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int'l & Comp.L.Rev.437 (1998), <http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4>.  
Дмитрик Н. Обзор законодательства РФ: Регулирование интернета. Digital.report, 07.10.2015.  
ҚР Байланыс туралы заңы, 2004 жылғы 5 шілдедегі №567 заң. nur.kz сайты, 15.05.2017 жыл.  
ҚР Қылмыстық кодексі, 2014 жыл 3 шілде, №226-V.  
Panel Discussion, supra note 2, at 354 ( statement of Richard A. Kurnit).  
Толуханова А. Эксперт правового «Медиа-центра»: «Казakhstan жестко регулирует интернет». Digital.report, 16.11.2015.

#### References

- Aleumettik zheli: oilanbai soilep, опық zhegenderdin zhazasy [Social media: be vigilant, otherwise expect punishment], kazinform.kz, 18.01. 2017 zhyl.  
Anonimnie kommentarii i tainy chinovnikov: kakie izmenenie zhdut SMI [Anonymous comments and the secrets of officials: What are changes waiting domestic media], Sputnik Kazakhstan, 21.12.2017.  
Dawn A.Edick, Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int'l & Comp.L.Rev.437 (1998), <http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4>.  
Dmitrik, N. Obzor zakonodatelstvo RF: regulirovanie Interneta [Review of Russian legislation:Internet regulation], Digital.report, 07.10.2015.  
QR Bailanys turaly zany [Law on Communications of the Republic of Kazakhstan], 2004 zhylgy 5 shildedegi №567 zan. nur.kz saity, 15.05.2017 zhyl.  
QR Qylmystyk kodeksi [The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan], 2014 zhyl 3 shilde №226-V.  
Panel Discussion, supra note 2, at 354 ( statement of Richard A. Kurnit).  
Toluehanova, A. Ekspert Pravovogo media-centra: “Kazakhstan zhestko reguliruet internet” [Expert of Legal Media Center: Kazakhstan tightly regulates the Internet], Digital.report, 16.11.2015.





4-бөлім  
**БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН**

---

Раздел 4  
**ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО И ДИЗАЙН**

---

Section 4  
**PUBLISHING AND DESIGN**

## Мукатаева К.<sup>1</sup>, Майкотова Ғ.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: tantal.km@mail.ru

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

### ТҮРІК БАСПА САЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Мақала Түрік кітап басылымының тарихына арналған. Типография техникасы тарихындағы қолөнер кезеңінің шын мәнінде ұлы жаңалықтарының бірі металл шрифтпен кітап басу ісі XV ғасырдың екінші жартысында Еуропа мемлекеттеріне тез қарқынмен таралды да, XVI ғасырдың басында Еуропа аймағындағы Осман империясына да жетеді. Мақалада Түрік мемлекетінде бірінші кітап 1503 жылы басылғанымен, түріктердің кітап басу ісінің басын бұл жылмен санап алмайтынының себебі туралы айтылады. Бұл кезеңдерде Еуропа мемлекеттерінде әлеуметтік-экономикалық қатынастар, ғылым мен мәдениеттің дамуына байланысты кітапқа деген сұраныс артты, кітапты қолмен көшіру немесе ксилографиялық жолмен шығару қоғамның сұранысын қанағаттандыра алмады, сол себепті кітап басу ісі алға шықты. Бірақ, Түркия мемлекеті бұл жаңалықтарға үрке қарады, болып жатқан жаңалықтар мен ғылым жетістіктерін, христиандардан шыққан білімнің бәрі «таза емес», ислам әлеміне қауіпті деп есептелді. Себебі бұл мемлекетте кітапты қолмен көшіру ісі жақсы жолға қойылған болатын-ды және шығарылып жатқан кітаптардың көбісі құран сүрелері болғандықтан, оны қасиетті кітап ретінде санап, тек қолмен көшірілуі керек деп есептелді. Кітап көшірушілер діни білім алған, классикалық араб және діни әдебиетті білетін, атақты араб және иран каллиграфтарынан білім алған, хаттат мамандығын меңгерген адамдар болды.

Мақалада осындай әр түрлі себептермен Түркия мемлекетіне кітап басу ісінің кеш келу себептерін түсіндіреді.

**Түйін сөздер:** түрік баспасы, типография, түрік мемлекеті, ғылым, кітап, әдебиет, хаттат мамандығы, ксилография, құран сүрелері, діни әдебиет, араб, иран, кітап саудасы.

Mukataeva K.<sup>1</sup>, Maikotova G.T.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: tantal.km@mail.ru  
<sup>2</sup>al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

#### From the history of the Turkish publishing industry

The article is dedicated to the history of Turkish book business. In the history of printing technology, a huge discovery is the printing of books using a metal font. This method spread to the countries of Europe in the second half of the 15th century, and reached the Ottoman Empire in the 16th century. The article reveals the reason why the year 1503, when the first book in the Turkish state was printed, does not take the beginning of the book industry of this state. In these periods in Europe, in connection with the development of socio-economic relations, with the development of science and culture, the demand for a book. Since hand-written rewriting of books and their release by xylography no longer satisfied the needs of society, book business began to develop. But the Turkish state reacted with fear to new discoveries, because it considered all the discoveries and achievements of science, as well as all the knowledge of the Christian world "unclean" and dangerous for the Islamic world. Since this country developed handwritten rewriting of books, as well as in connection with the fact that in many books the surahs of the Koran were present, which were accepted as sacred books, it was believed that they must necessarily be copied with their own hands. The copyists of the books had a religious education, they knew classical Arabic

and religious literature, they studied at the famous Arab and Iranian calligraphers, and mastered the specialty - hattat.

Thus, the article explains the reasons for the late development of book business in the Turkish state.

**Key words:** Turkish publishing house, printing house, Turkish state, science, books, literature, xylography, verse, religious literature, Arabic, Iranian books.

Мукатаева К.<sup>1</sup>, Майкотова Ф.Т.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: tantal.km@mail.ru

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: maykotova.galyiya@gmail.com

### Из истории турецкой издательской индустрии

В истории развития типографской техники важным открытием является технология печатания книг с использованием металлического шрифта. Данный метод широко распространился в странах Европы во второй половине XV века, в XVI – достиг и Османской империи. Статья раскрывает причину, по которой 1503 год – год печати первой турецкой книги – не считается годом рождения книжной индустрии этого государства.

В Средние века в странах Европы в связи с развитием социально-экономических отношений, с развитием науки и культуры вырос и спрос на книгу. Так как собственноручное переписывание книг и их выпуск методом ксилографии больше не удовлетворяли потребности общества, книжное дело начало развиваться. Но Турецкое государство отнеслось с опасением к новым открытиям, так как считало все открытия и достижения науки, а так же все знания христианского мира «нечистыми» и опасными для исламского мира. Так как в этом государстве было развито собственноручное переписывание книг, а так же в связи с тем, что во многих книгах присутствовали суры Корана, которые принимали как священные книги, считалось, что их непременно нужно переписывать вручную. Переписчики книг имели религиозное образование, знали классическую арабскую и религиозную литературу, обучались у именитых арабских и иранских каллиграфов и осваивали специальность – хаттат. Таким образом, в статье объясняются причины позднего развития книжного дела в Турецком государстве.

**Ключевые слова:** турецкое издательство, типография, турецкое государство, наука, книги, литература, ксилография, стихи, религиозная литература, арабские, иранские книги.

### Кіріспе

Соңғы жүз жылдықта әлемдік деңгейде кітап басу ісі қарқындап дамып, кейінгі жылдары тұрақты және табысты болып келеді. Соңғы зерттеулерге жүгінсек, әлемде 500 мыңға тарта баспа және баспа ісімен айналысатын мекемелер бар екен. Оның төрттен бірі АҚШ-та деп есептеледі. Сондай-ақ баспа саласының үлкен бөлігі Ұлыбританияның үлесінде. Соңғы деректер бойынша Ұлыбританияда – 60 мың, Францияда – 25 мың, Германияда – 20 мың, Жапонияда – 20 мың баспа және баспа ісімен айналысатын ұйымдар бар деп тіркелген (Lensky BV, 2002).

Әлемдік баспа ісі тек көлемімен ғана емес, оның өсу динамикасымен де ерекшеленеді. Соңғы он жылда әлем бойынша баспа ісі үш есеге көбейген. Бұл өсу әр елде ертеден келе жатқан алпауыт баспаларымен бірге, кейінгі жылдары шағын және орта баспалардың және баспа ісімен айналысатын мекемелердің де өсуімен байланысты болып отыр. Осындай

ұсақ баспалардың, мекемелердің, баспа ісімен айналысатын кәсіпорындардың көп болуына байланысты, толық ақпарат ала алмағандықтан, ЮНЕСКО халықаралық ұйымы шығарып келе жатқан статистикалық «Кітап басылымының ЮНЕСКО жылнамасы» кейінгі жылдары әлем басылымдары туралы толық анықтама-ақпарат бере алмай отыр. Бүгінгі күнде ЮНЕСКО жылнамасы тек кейбір мемлекеттердің ғана статистикалық көрсеткіштерін беріп келеді. Ол көрсеткіш кеш жарияланады және мәліметтер толық деп айтуға келмейді. 90-жылдардан бастап, ЮНЕСКО-ның жинағына қарағанда, «Халықаралық баспагерлер агенттігінің» интернет-сайтта жарияланатын мағлұматтары дәлірек анықтама-ақпарат береді, себебі әр мемлекеттің Баспагерлер агенттігінің беріп отыратын ақпараттары тез және анығырақ деп есептеледі. Осы мағлұматтарға және басқа да мерзімді басылымдар мен көрме-жәрмеңкелерге, социологиялық зерттеулерге сүйене отырып әлемдегі алдыңғы ондыққа кіретін мемлекеттердің рейтингісін жасау мүмкіндігі бар.

## Негізгі бөлім

Жалпы баспа саласында кітап шығаруда әр мемлекетте әр түрлі статистикалық анықтамалар жүргізіледі. Бірақ, сол мемлекеттен шыққан кітап өнімінің барлығы жүз пайыз кірді деуге негіз жоқ. Баспа өнімінің барлығын қамтуға мүмкіншілігі болмайды. Дегенмен келіп түскен статистикалық сараптамаларды салыстыру негізінде, алдыңғы ондыққа кіретін мемлекеттер анықталып келеді. Ол әрине, шығаратын кітап көлемінің әр жылда өзгеріп отыруына байланысты, кейде орындары ауысып келіп отыруы мүмкін. Мысалы кейінгі жылғы статистикаға көз салсақ Қытай Халық Республикасы – 140 мың аталыммен, Ұлыбритания – 120 мың аталыммен, Германия – 80 мың аталыммен, Америка Құрама Штаты – 70 мың аталыммен, Жапония – 70 мың аталыммен, Испания – 60 мың аталыммен, Ресей – 60 мың аталыммен, Бразилия – 50 мың аталыммен, Италия – 50 мың аталыммен, Франция – 50 мың аталыммен кітап шығарып, алдыңғы ондықты иеленген (Atabaev DA Isengalieva AG, 2001).

1910 жылы Брюссельде өткен библиографтардың халықаралық конгресінде Поляк библиографы Болеслаф Ивинскийдің «Халықаралық басылымдардың статистикасы» атты баяндамасында 1900 жылы әлемде 158.888 мың атаумен кітап шықты деген дерек келтірілген екен. Егер соңғы жүз жылдықта 1900 жылмен салыстырғанда шамамен 50% өсті десек, 1951 жылдан 2000 жыл арасында 5,5 есеге көбейген. Бұл әрине ғылым мен техниканың дамуына байланысты адамдардың оқып білуде кітапқа деген сұранысының өсуімен болса, екіншіден, сол қарқынды дамыған ғылымды кітап басу, полиграфияға енгізудің де нәтижесі деуге болады. Сондықтан XX ғасыр «кітап әлеміндегі революция ғасыры» болғандығын ерекше атап өткен жөн.

ISBN Агенттігінің анықтамалығында 1975 жылы 18 мемлекеттен 15 мың баспа тіркелсе, 1988 жылы 197 мемлекеттен 170 мың баспа, ал соңғы 27-басылымында 210 мемлекеттен 499.021 (жарты миллионға жуық) баспа тіркелген (Atabaev DA Ishenalieva AG, 2002).

Қорытындылай келе айтар болсақ, бұл деректер бойынша әлемдік кітап баспа ісінің дамуына тұрақты негіз қаланып қарыштай дамуына зор мүмкіншіліктер туғанын көреміз. Бүгінгі таңда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың тез қарқынмен дамуына қарамастан адам баласына білім алуда, ғылымға жол ашуда кітаптың рөлінің бір де бір толастамайтынын

көреміз. Сонымен бірге осыншама ғасыр адам баласымен бірге дамып, бірге өркендеп келе жатқан кітаптың, кітап шығаратын баспа ісінің ұзақ даму жолынан өткенін және де әр мемлекеттің әр түрлі жолдармен, бүгінгі жетістіктеріне жеткені де сөзсіз. Баспа ісі де әр мемлекеттің өз мәдениетімен, экономикасымен, тарихымен тығыз байланыста өркендейтінін көреміз. Әрі қарай әлемдік кітап басу ісіне өзіндік үлес қосып отырған Түрік мемлекетінің баспа ісі, даму тарихы туралы сөз етпекпіз.

## Нәтиже

XV ғасырда Европа елдеріне металл шрифтымен кітап басу ісі жедел дамығаннан кейін, XVI ғасырдың басында Европа аймағындағы Осман империясына да жетеді. Ең бірінші 1494-1495 жылдары Стамбул қаласында ағайынды Давид пен Самуэл Нахмиасылар ашқан европалық типография болған. 1503 жылы Түркия мемлекетінде бірінші кітап басылады. Бірақ, Түркия өзінің кітап басу кезеңін ол кезбен есептемейді, Түркияда бірінші кітап түрік тілінде 1729 жылы араб шрифтысымен басылып шығады, Түрік кітап басылымы осы кезден басталады деп есептеледі. Оның алдыңғы жылдарындағы европалықтардың көмегімен ашылған баспаханаларды армян, грек баспаханалары болған соң де олар түрік баспаханасының негізіне санамағанға ұқсайды. Бұл кезде тек діни кітаптар ғана басылды, ал түріктер құран сүрелерін баспаханалық тәсілмен басылғандықтан «таза емес» деп есептеді. Өз кітап басу кезеңін түрік территориясында басылған кітаптардан бастамай, өз мәдениетін дамытатын, жаңа тарихқа бетбұрыс деп есептейтін, өз типографияларының ашылуынан бастайтыны сондықтан (Rafikov A.Kh., 1973).

Зерттеушілер кітап басу саласының Түркия мемлекетіне кеш келуінің бірнеше себептері бар деп есептейді. Европа мемлекеттеріне кітап басу саласы олардың қоғамдарында әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ғылым мен білімнің қарқынды даму кезеңдерімен тікелей байланысты болды. Ал Түрік мемлекеті бұл кезеңдерде XVI-XVIII ғасырларда әскери-феодалды мемлекет болды. Мемлекет басшылары Европа елдеріндегі даму кезеңіне жаратпаушылықпен қарады және мұсылман мемлекеттеріне бұл «таза емес» мемлекеттердің жасап жатқандары қауіпті деп санады. Сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық салада, саяси құрылымда ұзақ уақыт өзгеріс болмады, түрік экономикасы тек жер шаруашылығымен айналысты. Түрік шаруасы жермен кү-

нелтіп, көргендері кедейлік, сауатсыздық болды. Тек кейбір ауылдардың мешіттерінде ғана діни мектептер болды, онда құраннан сүрелер ғана жаттатты. Құран сүрелерін қалаларда кітап көшіріп жазушылар жазды, ал кітап сатушылар (саххафтар) таратты. Европалық білім медреселерде оқытылмады, құраннан асқан білім жоқ деп есептелді. Христиандардан шыққан білімнің бәрі «таза емес» деп есептеліп, жаңалықтың бәріне үрке қарады. Сол себепте де Гутенбергтің жаңалығы кешігіп жетті.

«Жалпы әлеуметтік экономикалық және мәдени даму жағынан артта қалушылық, надандық және сауатсыздық, әсіресе «сенімсіздерден» үйренуге, оқуға құлықтарының жоқтығы, кітап басу ісінің Түрік мемлекетіне кеш келуінің негізгі себептері болды» деп көрсетеді зерттеушілер (Zheltyakov, AD 1968).

### Ойталқы

Түркияда ол кезеңдерде кітап басу ісіне мындаған кітап көшірмешілер, безендірушілер, түптеушілер т.б. кітап ісімен айналысып отырғандардың барлығы баспаханалық араб шрифтысымен кітап басуға қарсы шықты. Каллиграф – кітап көшіру мамандығы түріктерге арабтар мен ирандықтардан келген. XII ғасырға дейін түріктер тек араб пен парсы қолжазбаларын ғана білген. Араб тілі мемлекеттік және ғылыми, ал парсы тілі әдеби болып есептелді. Классикалық шығыс үлгісіндегі түрік қолжазбалары XV ғасырдан басталып, XVI-XVII ғасырларда кең жайылды. Негізінен діни кітаптарды, құран, құранға түсініктеме, құқық саласынан мұсылман кітаптары, сөздіктерді көшірумен айналысты. Қолжазбаны көшіру, түптеушілер, безендірушілер көптеген үлкен қалаларда, соның ішінде Стамбулда көп болды. XVII ғасырдың басында Осман империясында кітап көшірушілердің саны 15000 мыңнан асқан. Кітап көшірушілер діни білім алған, классикалық араб және діни әдебиетті білетін, атақты араб және иран каллиграфтарынан білім алған, хаттат мамандығын меңгерген адамдар болды. Олардың ішінде көптеген моллалар, тарихшылар және ақындар болды. Кітап көшіруде сәнді жазуға ерекше көңіл бөлінді. Каллиграфия түріктерде өте жоғары бағаланды, хаттаттар дайындайтын арнаулы мектептер болды. Хаттаттар арнаулы корпорацияға бірікті, олардың өздерінің жарғылары болды. Кітап безендірумен арнайы суретшілер айналысты, олардың кітап безендіруі европалықтарды таң қалдырды (Sidorov

AA,1979). Кітап қаптаулары мен түптеулері бір-бірінен сәнділіктерімен, безендіруімен және қаптаған терілерінің түрімен ажыратылды. Кітап сатушылар оны ерекше бағалады, ал кітаптың құны сәнді жазылуына, қапталуына, безендіруіне байланысты бағаланды.

